

**«БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ
ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

2025 жылғы 31 желтоқсанда
аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілік және
Тәуелсіз Аудитор есебі

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

Мазмұны

Беті

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН
ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

1

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

2-4

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК:

Пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы есеп

5

Қаржылық жағдай туралы есеп

6

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп

7

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп

8

Қаржылық есептілікке ескертулер

9-46

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілік жөніндегі
басшылық мәлімдемесі

Басшылық «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қор») 2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын және сол күні аяқталған жыл іші пайда мен шығын және өзге жиынтық кірістері, капиталдағы өзгерістері мен ақша қаражатының қозғалысы туралы тиісті есептерін, сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидаттары мен қаржылық есептілікке (бұдан әрі – «қаржылық есептілік») ескертулердің ашылуын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес («ХҚЕСК») шығарған ХҚЕС бухгалтерлік есебіне сәйкес шынайы көрсететін қаржылық есептілігін дайындауға жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында Басшылық:

- есеп саясаты қағидаттарын дұрыс таңдауды және қолдануды қамтамасыз етуге;
- ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді мұндай ақпараттың орындылығын, нақтылығын, салыстырмалылығы мен түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ұсынуға;
- пайдаланушыларға есептілікті түсіну үшін ХҚЕСК шығарған ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарының талаптарының орындалуы жеткіліксіз болғанда, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Қор қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға; және
- Қордың өз қызметін жақын болашақта жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.

Басшылық сонымен қатар:

- Қордағы ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесін әзірлеуге, ендіруге және қолдауға;
- Қор мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ кез-келген күнге Қордың қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен беруге және қаржылық есептіліктің ХҚЕСК шығарған ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарының талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысандағы есеп жүргізуге;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізуге;
- Қор активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық ықтимал орынды шараларды қабылдауға; және
- алаяқтық және басқа да бұзушылық фактілерін анықтауға және алдын алуға жауапты.

Осы 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікті Қор Басшылығы 2026 жылғы 5 наурызда шығарылымға бекітті.

Басшылық атынан:

Курманов Жанат Бостанович
Басқарма Төрағасы



Саринова Аманкүл Жаксылыковна
Бас бухгалтер

2026 жылғы 5 наурыз
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

2026 жылғы 5 наурыз
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Акционеріне және Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз 2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайы туралы есептен, 2025 жыл іші пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы және ақшалай қаражат қозғалысы туралы есептерінен, сонымен қатар қаржылық есептілікке ескертулерден, соның ішінде есеп саясаты туралы елеулі ақпараттан тұратын «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қор») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса берілген қаржылық есептілік 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың қаржылық жағдайын, сондай-ақ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша кеңес («ХҚЕСК») шығарған ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес осы күні аяқталған жыл іші қаржы нәтижелері мен ақшалай қаражат қозғалысын барлық маңызды аспектілерде шынайы көрсетеді.

Пікір білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Аталған стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз есебіміздің «Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары бойынша кеңестің (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық әдеп кодексіне («Кодекс») сәйкес жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілігінің аудитіне қолданылатын тәуелсіздік талаптары бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасында жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілігінің аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Қорға қатысты тәуелсізбіз. Сонымен қатар, біз осы талаптарға және Кодекске сәйкес өзге де әдеп міндеттемелерін орындадық. Біздің пікірімізше, біз алған аудиторлық дәлелдемелер пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті әрі тиісті болып табылады.

Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есептілікті дайындауға және оның ХҚЕСК шығарған ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес шынайы ұсынылуына, сонымен қатар басшылықтың пікірінше ықылассыз әрекеттер немесе қателесуден болатын айтарлықтай бұрмалаушылықтары болмайтын қаржылық есептілікті дайындауға қажет болатын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

«Делойт» атауы «Делойт Туш Томацу Лимитед» (бұдан әрі — «ДТТЛ») құрамына кіретін және бірлесіп «Делойт» ұйымы деп аталатын заңды тұлғалардың (олардың үлестес тұлғаларын қоса алғанда) біреуіне не кез келген санына жатады. «Делойт» халықаралық желісі деп аталатын «ДТТЛ» компаниясы, «ДТТЛ» — ға қатысушы барлық фирмалар және олардың үлестес тұлғаларының әрқайсысы бір-бірінен атынан үшінші тұлғаларға қатысты міндеттемелер қабылдауға құқығы жоқ дербес және тәуелсіз заңды тұлғалар болып табылады. «ДТТЛ» компаниясы, сондай — ақ «ДТТЛ» әрбір қатысушы-фирмасы және әрбір үлестес тұлға бір-бірінің іс-әрекеттері мен олқылықтарына қатысты емес, тек өз іс-әрекеттері мен олқылықтарына қатысты жауапты болады. «ДТТЛ» компаниясы клиенттерге тікелей қызмет көрсетпейді. Тольнырақ ақпаратты сайттан билуге болады www.deloitte.com/about.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, қызмет үздіксіздігіне байланысты деректерді тиісті жағдайларда ашып көрсетуге және қызмет үздіксіздігі жорамалы негізінде есептілікті дайындауға жауапты, алайда басшылық Қорды таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайларды, немесе оның тарату немесе қызметін тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Қордың қаржылық есептілігін дайындауын бақылауға жауапты.

Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қосатын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік – сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит барысында елеулі бұрмалаушылықтар бар болған жағдайда олардың әрдайым анықталуының кепілдігі болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар ықылассыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесінде туындауы мүмкін. Егер бұрмалаушылықтар пайдаланушылардың қаржылық есептілік негізінде қабылдайтын экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алса, елеулі бұрмалаушылықтар болып есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдік сақтаймыз. Бұған қоса, біз келесілерді орындаймыз:

- ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін зерделейміз, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;

- басшылықтың қызмет үздіксіздігі жорамалын қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алатынына елеулі күдік тудырта алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізде қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізде ескертпе жасаймыз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есебіміздің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымын және мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ қаржылық есептілікте оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалармен ақпараттық әрекеттесуді жүзеге асырып, оларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері жөнінде, сондай-ақ аудит барысында анықталған елеулі ескертулер, соның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.



Олжас Ашуов
Тапсырма бойынша серіктес
2019 жылғы 10 қаңтардағы
№МФ-0000715 біліктілік күәлігі



Жангир Жилысбаев
«Делойт» ЖШС
бас директоры

Қазақстан Республикасында
аудиторлық қызметпен айналысуға
№00000015 мемлекеттік лицензия,
сериясы МФЮ-2,
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
2006 жылғы 13 қыркүйекте берген

2026 жылғы 5 наурыз
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы есеп
(Қазақстандық мың теңгемен)

	Ескерту- лер	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Комиссиялық кірістер	5	21,115,913	18,621,786
Комиссиялық шығыстар		(1,196,472)	(1,117,082)
Таза комиссиялық кіріс		19,919,441	17,504,704
Таза пайыздық кіріс	6	33,581,414	28,996,247
Құнсызданудан болған шығындарға резервті қалпына келтіру	16	6,023	257,192
Басқа операциялық кірістер, нетто		610,823	266,526
Операциялық кірістер		54,117,701	47,024,669
Қызметкерлерге жұмсалатын шығыстар	7	(14,806,068)	(11,509,187)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	8	(5,039,008)	(4,706,880)
Табыс салығын салғанға дейінгі пайда		34,272,625	30,808,602
Табыс салығы бойынша шығыс	9	(3,734,392)	(1,444,764)
Таза пайда		30,538,233	29,363,838
Табыс салығын шегергендегі өзге жиынтық кіріс			
Кейіннен пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуі мүмкін емес			
баптар:			
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан түскен кіріс		-	261,401
Кейіннен пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуі мүмкін емес			
баптар бойынша табыс салығы		-	(52,280)
Өзге жиынтық кіріс		-	209,121
Жиынтық кіріс жиыны		30,538,233	29,572,959

Басшылық атынан:

Курманов Жанат Бостанович
Басқарма Төрағасы

2026 жылғы 5 наурыз
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы



Саринова Аманкул Жаксылыковна
Бас бухгалтер

2026 жылғы 5 наурыз
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

9-46-беттердегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Қаржылық жағдай туралы есеп
(Қазақстандық мың теңгемен)

	Ескерту- лер	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкііндегі ақша қаражаты және салымдар	10	56,972	253,814
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	11, 21	289,237,981	263,822,500
Кері «РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	12	34,114,329	28,737,738
Алынатын комиссиялық кірістер		1,773,079	1,643,596
Ағымдағы салық активі		123,292	141,596
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	13	11,111,394	10,664,723
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	14	3,855,572	3,721,053
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	2	2,856,808	2,651,904
Кейінге қалдырылған салық активтері	9	527,957	93,075
Басқа да активтер		617,929	587,982
Активтердің жиыны		344,275,313	312,317,981
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ			
Жалдау бойынша міндеттемелер	2	3,022,972	2,729,795
Басқа да міндеттемелер		3,467,070	2,341,148
Міндеттемелер жиыны		6,490,042	5,070,943
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	15	7,114,244	7,114,244
Резервтік капитал	15	15,615,899	14,100,161
Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша резерв		1,112,162	1,142,865
Бөлінбеген пайда		313,942,966	284,889,768
Капитал жиыны		337,785,271	307,247,038
Міндеттемелер мен капитал жиыны		344,275,313	312,317,981

Басшылық атынан:

Курманов Жанат Бостанович
Басқарма Төрағасы

2026 жылғы 5 наурыз
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы



Сариянова Аманкүл Жаксылыковна
Бас бухгалтер

2026 жылғы 5 наурыз
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

9-46-беттердегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп

(Қазақстандық мың теңгемен)

	Акционерлік капитал	Резервтік капитал	Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві	Бөлінбеген пайда	Барлығы
2024 жылғы 1 қаңтарға	7,114,244	12,612,449	958,899	256,988,487	277,674,079
Жыл ішіндегі пайда	-	-	-	29,363,838	29,363,838
Резервтік капиталдағы өзгеріс (15-ескерту)	-	1,487,712	-	(1,487,712)	-
Бұрын қайта бағаланған негізгі құралдардың тозуы және істен шығуы нәтижесінде негізгі құралдарды қайта бағалау резервін есептен шығару	-	-	(25,155)	25,155	-
Басқа жиынтық кіріс	-	-	209,121	-	209,121
2024 жылғы 31 желтоқсанға	7,114,244	14,100,161	1,142,865	284,889,768	307,247,038
Жыл ішіндегі пайда	-	-	-	30,538,233	30,538,233
Резервтік капиталдағы өзгеріс (15-ескерту)	-	1,515,738	-	(1,515,738)	-
Бұрын қайта бағаланған негізгі құралдардың тозуы және істен шығуы нәтижесінде негізгі құралдарды қайта бағалау резервін есептен шығару	-	-	(30,703)	30,703	-
2025 жылғы 31 желтоқсанға	7,114,244	15,615,899	1,112,162	313,942,966	337,785,271

Басшылық атынан:

Курманов Жанат Бостанович
Басқарма Төрағасы

2026 жылғы 5 наурыз
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы



Саринова Аманкул Жаксылыковна
Бас бухгалтер

2026 жылғы 5 наурыз
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

9-46-беттердегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы»

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп
(Қазақстандық мың теңгемен)

	Ескерту	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Салық салығына дейінгі пайда		34,272,625	30,808,602
<i>Түзетулер:</i>			
Тозу және амортизация	8, 13	1,205,819	1,086,406
Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің тозуы және амортизациясы	8	504,338	458,640
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді есептен шығарудан болған (пайда)/шығын		526	(5,608)
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған шығын		-	21,629
Инвестициялық жылжымайтын мүлікті есептен шығарудан болған шығын		-	2,376
Инвестициялық жылжымайтын мүлікті қайта бағалаудан болған (пайда)/шығын	14	(134,519)	22,391
Құнсызданудан болған шығындарға резервтерді қалпына келтіру	16	(7,823)	(257,192)
Таза пайыздық кіріс	6	(33,581,414)	(28,996,247)
Басқа да түзетулер		(5,296)	507
Операциялық активтердің ұлғаю			
Алынатын комиссиялық кірістер		(129,482)	(281,796)
Басқа да активтер		(29,947)	(72,797)
Операциялық міндеттемелердің ұлғаю/ (кемюі)			
Басқа да міндеттемелер		1,138,934	525,097
Табыс салығына дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі		3,233,761	3,312,008
Төленген табыс салығы		(4,163,585)	(1,274,663)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза (жылыстауы)/ келуі		(929,824)	2,037,345
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне салымдар орналастыру		-	(57,790,251)
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдардан түсімдер		-	115,580,251
«Кері РЕПО» ашу		(663,809,707)	(1,337,190,286)
«Кері РЕПО» жабу		658,594,503	1,308,478,631
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін сатып алу		(36,367,078)	(87,355,152)
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін өтеу		15,150,666	33,210,747
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	13	(1,653,016)	(2,091,195)
Алынған пайыздар		29,453,189	25,557,839
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түскен түсімдер		-	5,608
Банктердегі мерзімі өткен салымдардың түсімі		-	66,368
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза келуі/ (жылыстауы)		1,368,557	(1,527,440)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ			
Жалдау бойынша міндеттемелер төлемі			
негізгі қарыз		(409,718)	(429,247)
жалдау міндеттемелері бойынша пайыздар		(225,880)	(143,127)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза жылыстауы		(635,598)	(572,374)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза кемюі		(196,865)	(62,469)
Шетелдік валюта бағамдары өзгерісінің ақша қаражаты мен оның баламаларының шамасына ықпалы		23	(607)
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	10	253,814	316,890
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	10	56,972	253,814

Басшылық атынан:

Курманов Жанат Бостанович
Басқарма Төрағасы

2026 жылғы 5 наурыз
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

Саринова Аманкул Жаксылыковна
Бас бухгалтер

2026 жылғы 5 наурыз
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

9-46-беттердегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертүлер

(Қазақстандық мың теңгемен)

1. Ұйым

Негізгі қызмет

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Қор») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 қыркүйектегі №1372 қаулысына сәйкес «Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры» ЖАҚ ретінде 1997 жылы 17 желтоқсанда құрылды. Қор 1997 жылы дербес зейнетақы жинақтарының жүйесіне өтуге бағытталған зейнетақы реформасын өткізуге байланысты құрылды. Қор 2005 жылы 1 ақпанда «ГНПФ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ болып қайта тіркелді.

2013 жылғы 21 маусымда «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы заңының (бұдан әрі – «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң») жаңа редакциясы қабылданды. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға сәйкес Қазақстан Республикасында барлық міндетті зейнетақы және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін Қор жүзеге асыруы тиіс, ал сол сәтте басқа жинақтаушы зейнетақы қорлары жинаған барлық зейнетақы активтері мен міндеттемелері Қорға өткізілді. Зейнетақы активтері мен міндеттемелерін тапсыру 2013 жылғы 11 қазанда басталды және 2014 жылғы 26 маусымда аяқталды.

2013 жылы 31 шілдеде Қазақстан Республикасы Үкіметінің №747 қаулысымен «ГНПФ» Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ атауын «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» коммерциялық емес АҚ ретінде қайта атау туралы қаулы етілді. 2013 жылғы 22 тамызда атауының өзгеруіне байланысты «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы ретінде қайта тіркеу жүргізілді. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға және Жарғыға сәйкес Қор коммерциялық емес ұйым болып табылады, тиісінше Қор дивидендтерді есептемейді және төлемейді. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға сай Қордың жалғыз акционері – «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» (бұдан әрі – «ММЖК») арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға және 2013 жылғы 24 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі – «ҚРҰБ») және 2013 жылғы 25 қыркүйекте ММЖК тіркеген сенімгерлік басқару шартына сәйкес ММЖК Қор акцияларының мемлекеттік топтамасын ҚРҰБ сенімгерлік басқаруына берді. ҚРҰБ-мен «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару бойынша қызметтер туралы 2013 жылғы 26 тамызда жасалған №362ҰБ шартына сәйкес, зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды ҚРҰБ жүзеге асырады.

2023 жылғы 1 шілдеде Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі (бұдан әрі – «Әлеуметтік кодекс») қолданысқа енгізілді, осыған байланысты Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның күші жойылды.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне және Қордың Жарғысына сәйкес Қор қызметінің негізгі түрлері:

- міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тарту;
- «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілетін депозит бойынша кепілдік берілген өтеудің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есептеу және есепке алу;
- Зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алу, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды есепке алу және есепке жатқызу, нысаналы жинақтарды алушыға нысаналы жинақтау шотынан нысаналы жинақтарды алушылардың нысаналы жинақтау төлемдерін есепке алуға, нысаналы жинақтардың қайтарымдарын есепке алуға арналған банк шоттарына нысаналы жинақ төлемдерін жүзеге асыру;
- нысаналы жинақтарды алушының нысаналы жинақтау шотынан нысаналы жинақтарды алушы он сегіз жасқа толғаннан кейін он жыл ішінде пайдаланылмаған нысаналы жинақтарын ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін жеке зейнетақы шотына аудару.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 2 қаңтардағы №399-VI Қазақстан Республикасының Заңына және 2021 жылғы 18 ақпандағы №17/6/18-02-21/n «Halyk Global Markets» АҚ-мен, 2021 жылғы 18 ақпандағы №17/7/18-02-21/n «Alatau City Invest» АҚ-мен, 2021 жылғы 19 ақпандағы №17/11/19-02-21/n «BCC Invest» АҚ-мен, 2021 жылғы 5 наурыздағы №17/20/05-03-21/n «Сентрас Секьюритиз» АҚ-мен, 2022 жылғы 16 қарашадағы №17/25/16-11-22/n «Halyk Finance» АҚ-мен және Қор арасында жасалған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару бойынша қызметтер туралы шартқа сәйкес, Схема зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға (бұдан әрі – «Инвестициялық портфельді басқарушы») сенімгерлік басқаруға бере алады

Әлеуметтік кодекстің 57-бабы 1-тармағына сәйкес Қор бухгалтерлік есепті жүргізеді және қаржылық есептілікті жасайды, сондай-ақ қаржылық және өзге де есептілікті:

- міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және ерікті зейнетақы жарналарын есебінен құрылған Схеманың зейнетақы активтері бойынша;
- жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері бойынша (2024 жылғы 1 қаңтардан бастап);
- Қордың қаржы-шаруашылық қызметін қамытуға арналған меншікті қаражат бойынша;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан аударылғандардың есебінен қалыптастырылған нысаналы жинақтар мен нысаналы активтер бойынша (2024 жылғы 1 қаңтардан бастап) бөлек береді.

Қор ҚРҰБ-ға қаржылық және өзге де есептілікті, сондай-ақ ҚРҰБ нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес бастапқы статистикалық деректерді береді.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Әлеуметтік кодекстің және «Қазақстан Республикасындағы баланың құқытары туралы» заңының ережелеріне сәйкес Қор міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерін есепке алу және есептілігі бөлігінде, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерін есепке алу және есептілігі бөлігінде, сондай-ақ нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтар мен нысаналы активтерді есепке алу, жинақтарды төлеу, нысаналы жинақтар мен активтер бойынша есептілікті қалыптастыру бөлігінде міндеттерді жүзеге асырады.

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерін есепке алуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан аударымдар есебінен қалыптастырылған нысаналы жинақтар мен активтерді есепке алуға қатысты қызметті жүзеге асырғаны үшін Қордың комиссиялық сыйақысы қолданыстағы зейнетақы заңнамасында көзделмеген.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексімен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан қаражат, оның ішінде нысаналы жинақтарды аударуға, есептеуге және төлеуге байланысты банк қызметтеріне ақы төлеу шығыстарын жабуға жұмсалатыны белгіленді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы №41 қаулысымен бекітілген Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидалары және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі №69 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен, нысаналы активтермен және нысаналы жинақтармен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулық күрделі шығындарды, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерін есепке алу мен есептілігіне қатысты жатқызылған операциялық және өзге де шығыстарды бөлу және жеке есепке алу бойынша және нысаналы жинақтар мен активтер бойынша талаптарды қамтымайды.

Қордың заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, А25С9Х9, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Самал-2 ықшамауданы, 97 үй, 13 т.е.ү. 2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың Қазақстан Республикасында тиісінше операциялық қызметін жүзеге асыратын 18 филиалы бар.

Акционер

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың жалғыз акционері – ММЖК арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі.

2. Есеп саясатының негізгі қағидаттары

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі – «ХҚЕСК») шығарған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының бухгалтерлік есеп стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттары») сәйкес дайындалды.

Осы қаржылық есептілік Қордың өз қызметін болашақта жалғастыратын болады деген жорамалға қарай дайындалды.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Егер басқасы көрсетілмеген болса, осы қаржылық есептілік қазақстандық мың теңгеде («мың теңге») көрсетілді.

Дайындау негіздері

Осы қаржылық есептілік белгілі бір негізгі құралдарды, инвестициялық жылжымайтын мүлікті және қаржы құралдарын қоспағанда, бастапқы құн бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды.

2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші осы қаржылық есептілікте 2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы Қордың қаржылық есептілігін дайындау кезіндегі есеп саясатының сол қағидаттары, ұсынымдары мен есептеу әдістері пайдаланылды.

Таза пайыздық кіріс

Сауда үшін арналған және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланған «ПШАӘҚБ» деп бағаланатын, жіктелетін қаржы құралдарын қоспағанда, барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланумен пайда немесе шығындар шоттарында «Пайыздық кірістер» ретінде көрсетіледі. ПШАӘҚБ санатының қаржы құралдары бойынша пайыздар («ПШАӘҚБ қаржы активтерімен жасалған операциялар бойынша таза пайда/(шығын)» бабын қараңыз) есептік кезеңдегі әділ құн өзгерісінің құрамына қосылады.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме (бұдан әрі – «ТПМ») – бұл қаржы құралдары бойынша есептелген болашақ ақша ағындарын қаржылық құралдардың күтілетін әрекет ету мерзімі ішінде немесе (егер қолданылса) қысқа мерзім ішінде таза баланстық құн шамасына дейін дисконттау мөлшерлемесі. Болашақ ақша ағындары құралдың барлық шарттық талаптарын ескере отырып бағаланады.

Есепке тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын және заем туралы қандай да бір уағдаластықтарға тікелей қатысы бар барлық сыйақылар мен басқа да тараптар төлеген немесе алған сомалар, сондай-ақ мәміле бойынша шығындар мен басқа да барлық сыйақылар мен жеңілдіктер қабылданады. ПШАӘҚБ санатындағы қаржы активтері үшін мәміле бойынша шығындар бастапқы тану кезінде пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

Пайыздық кірістер кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын қаржы активтерінің жалпы баланстық құнына (яғни күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резервінің шамасына түзетілгенге дейін қаржы активінің амортизацияланған құнына) немесе қаржылық міндеттемелердің амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану жолымен есептеледі. Кредиттік-құнсызданған қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер осындай активтердің амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану жолымен есептеледі (яғни күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резервін шегергендегі олардың жалпы баланстық құны). Құрылған немесе сатып алынған кредиттік-құнсызданған қаржы активтері (POCI) үшін тиімді пайыздық мөлшерлеме қаржы активінен күтілетін болашақ ақша ағындарын айқындау кезінде күтілетін кредиттік шығындардың шамасын көрсетеді.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Қызметтер бойынша кірістер/шығыстар және комиссиялар

Қызметтер бойынша кірістер және комиссиялар тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылмайтын кірістерді қамтиды (жоғарыдағы ақпаратты қараңыз). Комиссиялық кірістер есебі 5-ескертуде талданған. Қор Схеманың зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақы алмайды. Инвестициялық кірістен комиссиялық сыйақыны Схеманың зейнетақы активтерін басқарушысы тікелей Схемадан алады. Қызметтер бойынша шығыстар мен төленген комиссиялар қызметтердің алынуына қарай есептеледі.

ПШАӘҚБ қаржы активтерімен жасалған операциялар бойынша таза пайда/(шығын)

ПШАӘҚБ қаржы активтерімен жасалған операциялар бойынша таза пайда/(шығын) қаржы активтерінің әділ құнының өзгеруінен болған барлық пайдалар мен шығындарды қамтиды.

Қаржы активтері

Активті сатып алу немесе сату талаптары тиісті нарықта қабылданған мерзім ішінде активті жеткізуді талап ететін шарт бойынша жүзеге асырылған жағдайда, қаржы активтерін тану және тануды тоқтату мәміле жасалған күні жүргізіледі. Бастапқыда қаржы активтері мәмілені ресімдеу бойынша шығындар есебімен әділ құны бойынша бағаланады. ПШАӘҚБ санатына жатқызылған қаржы активтері бұған жатпайды. ПШАӘҚБ санатына жатқызылған қаржы активтерін сатып алуға тікелей қатысты мәміле бойынша шығындар тікелей пайдаға немесе шығынға жатқызылады.

9 ХҚЕС (IFRS) қолдану саласына кіретін, есепте танылған барлық қаржы активтері бастапқы танудан кейін қаржылық активтерді басқару үшін ұйымның бизнес-моделіне және шарттарда көзделген ақша ағындарының сипаттамаларына сәйкес амортизацияланған не әділ құны бойынша бағалануға тиіс.

Атап айтқанда,

- мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу болып табылатын, борыштың негізгі сомасы есебіне тек қана төлемдер мен пайыздарды қамтитын бизнес-модель шеңберінде ұсталатын борыштық құралдар бастапқы танудан кейін амортизацияланған құны бойынша бағаланады;
- мақсаты борыштың негізгі сомасының есебіне тек қана төлемдерді және пайыздарды қамтитын, шарттарда көзделген ақша ағындарын алу, сондай-ақ тиісті борыштық құралдарды сату болып табылатын бизнес моделі шеңберінде ұсталатын борыштық құралдар бастапқы танудан кейін өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланады;
- барлық басқа борыштық құралдар (мысалы, әділ құны бойынша бағаланатын немесе сатуға арналған борыштық құралдар) және үлестік құралдарға инвестициялар бастапқы танудан кейін ПШАӘҚБ бойынша бағаланады.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Өзге жиынтық кіріс арқылы амортизацияланған құны немесе әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар

Қор қаржы активінің жіктелуін және бағалауын ақша ағындары шартында көзделген сипаттамалар мен Қор активтерді басқаруда қолданатын бизнес-модель негізінде бағалайды.

Өзге жиынтық кіріс арқылы амортизацияланған құны немесе әділ құны бойынша активті жіктеу және бағалау үшін тиісті шарттың талаптары тек қана борыштың негізгі сомасының есебінен жасалатын төлемдерді және негізгі соманың өтелмеген бөлігі бойынша пайыздарды қамтитын ақша ағындарының туындауын көздеуі тиіс.

Шартта көзделген ақша ағындарының көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексеру кезінде борыштың негізгі сомасы оны бастапқы тану кезіндегі қаржылық активтің әділ құны ретінде қаралады. Қаржы активінің қолданылу мерзімі ішінде борыштың негізгі сомасы өзгеруі мүмкін (мысалы, негізгі сома есебіне төленген жағдайда). Пайыздар ақшаның уақытша құны үшін, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде өтелмеген борыштың негізгі сомасына қатысты кредиттік тәуекел үшін және кредит беруге байланысты басқа да әдеттегі тәуекелдер мен шығындар үшін өтемді, сондай-ақ пайда маржасын қамтиды. Төлемдерді негізгі борыш пен пайыздар есебінен бағалау қаржы активі көрсетілген валютада жүргізіледі.

Тек борыштың негізгі сомасы мен пайыздар есебіне төлемдерді ғана қамтитын, шартта көзделген ақша ағындары базалық кредиттік шарт талаптарына сәйкес келеді. Нәтижесінде базалық кредиттік шартпен байланысты емес, шартта көзделген ақша ағындарының тәуекелі немесе құбылмалылығы туындайтын шарттық талаптар, мысалы, акциялар немесе тауарлар бағаларының өзгеру тәуекелі тек борыштың негізгі сомасының есебіне төлемдерді және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздарды қамтитын шартта көзделген ақша ағындарының туындауына себепші болмайды. Құрылған немесе сатып алынған қаржы активі өзінің заңды нысаны бойынша заем болып саналатындығына қарамастан, базалық кредиттік шарт болып табылуы мүмкін.

Қаржы активтерін басқару үшін пайдаланылатын бизнес-модельдерді бағалау қаржы активін жіктеу үшін 9 ХҚЕС (IFRS) бірінші қолданған күні жүргізілді. Бизнес-модель ХҚЕС (IFRS) 9 бірінші қолданылған күні Қор балансында танылған барлық қаржы активтеріне ретроспективті түрде қолданылды. Ұйым пайдаланатын бизнес-модель қандай да бір бизнес-мақсатқа қол жеткізу үшін топтарға біріктірілген қаржы активтерін басқару тетігін көрсететін деңгейде айқындалады. Қордың бизнес-моделі басшылықтың жеке құралға қатысты ниеттеріне тәуелсіз болғандықтан, бағалау жеке құралдар деңгейінде емес, агрегациялаудың жоғары деңгейінде орындалады.

Қор өзінің қаржы құралдарын басқару үшін ақша ағындарын генерациялау мақсатында қаржы активтерін басқару тетігін сипаттайтын бірнеше бизнес-модельдерді пайдаланады. Көрсетілген бизнес-модельдер Қордың ақша ағындары шартта көзделген ақша ағындарын алу, қаржы активтерін сату немесе екеуінің де салдары болып табыла ма, жоқ па, соны айқындайды.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Бизнес-модельді бағалау кезінде Қор мынадай барлық орынды деректерді ескереді:

- бизнес-модельдің және осы бизнес-модель аясында ұсталатын қаржы активтерінің тиімділігін бағалау және негізгі басқарушы қызметкерлерге есеп беру тетігі;
- бизнес-модельдің тиімділігіне әсер ететін тәуекелдер (және осы бизнес-модель аясында ұсталатын қаржы активтері) және осы тәуекелдерді басқару әдісі; сондай-ақ
- басшылыққа сыйақы төлеу тетігі (мысалы, сыйақы төлеу үшін негіздер талданады: тиісті активтердің әділ құны немесе шартта көзделген, алынған ақша ағындары).

Қаржы активін бастапқы тану кезінде Қор жаңадан танылған қаржы активтері қолданыстағы бизнес-модельдің бір бөлігі болып табыла ма әлде жаңа бизнес-модельдің туындауын көрсете ме, соны айқындайды. Қор алдыңғы кезеңмен салыстырғанда өзгерістерді анықтау мақсатында әрбір есепті кезеңде өзінің бизнес-модельдерін қайта қарап отырады. Ағымдағы есептік кезеңде Қор өзінің бизнес-моделінен қандай да бір өзгерістерді анықтамады.

Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құралды тану тоқтатылған кезде бұрын өзге жиынтық кіріс құрамында танылатын, жинақталған пайда/шығын меншікті капитал санатынан пайда немесе шығын санатына қайта жіктеледі. ӨЖКАӘБҚ санатына жатқызылған меншікті капиталға инвестицияларды тану тоқтатылған кезде, керісінше, бұрын өзге жиынтық кіріс құрамында танылған, жинақталған пайда немесе шығын пайда немесе шығын санатына қайта жіктелмейді, олар меншікті капиталдың басқа бабының құрамына ауыстырылады. Бастапқы танудан кейін амортизацияланған құны бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құралдар құнсыздануға жатады.

ПШАӘБ санатындағы қаржы активтері

ПШАӘҚБ санатындағы қаржы активтері төмендегілерді қамтиды:

- активтер, тек борыштың негізгі сомасы мен пайыздар есебіне төлемдер ғана қамтылмайтын шарттық ақша ағындары; және/немесе
- шартта көзделген ақша ағындарын алу мақсатында немесе осындай ағындарды алу және активті сату мақсатында ұсталатын активтерді қоспағанда, бизнес-модель аясында ұсталатын активтер; немесе
- әділ құн бойынша есепке алу опциясын пайдалану жолымен ПШАӘҚБ санатына жатқызылған активтер.

Барлық көрсетілген активтер пайда немесе шығын құрамында қайта бағалау нәтижелерін көрсете отырып, әділ құн бойынша бағаланады.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Қайта жіктеу

Қор қандай да бір қаржы активтерін ұстап қалатын бизнес-модель өзгерген жағдайда, мұндай активтерге қатысты қайта жіктеу жүргізіледі. Жаңа санатқа жататын жіктеуге және бағалауға қойылатын талаптар Қордың қаржы активтерін қайта жіктеуге әкеп соқтырған бизнес-модельдерде өзгерістер пайда болғаннан кейін бірінші есепті кезеңнің бірінші күнінен перспективалы қолданылады. Шартта көзделген ақша ағындарындағы өзгерістер төменде келтірілген есеп саясатына сәйкес талданады.

Құнсыздану

Қор пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын мынадай қаржы құралдарына қатысты күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резервтерін таниды:

- ақша қаражаттары;
- амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері;
- кері «РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек;
- басқа активтер.

Құнсызданудан болған шығын инвестициялар бойынша үлестік құрал болып танылмайды.

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалауды шамасы төмендегілерге тең бағалау резервінің көмегімен жүргізу қажет:

- кейінгі 12 ай ішінде күтілетін кредиттік шығын шамасына, яғни есепті күннен кейінгі 12 ай ішінде туындауы мүмкін құралдар бойынша міндеттемелерді орындамау жағдайлары салдарынан күтілетін кредиттік шығындар болып табылатын қаржы құралдарының бүкіл қолданылу мерзімі ішіндегі кредиттік шығындардың сол бөлігі («бірінші кезең»); немесе
- қаржы құралының қолданылу мерзімі ішінде құрал бойынша міндеттемелерді орындамаудың барлық ықтимал жағдайларының салдарынан туындайтын қаржы құралының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде күтілетін кредиттік шығындардың шамасы («екінші кезең» және «үшінші кезең»).

Қаржы құралының барлық қолданылу мерзімінде күтілетін кредиттік шығындардың толық шамасы мөлшерінде бағалау резервін құру құрал бойынша кредиттік тәуекел оның бастапқы танылған сәтінен бастап айтарлықтай ұлғайған жағдайда талап етіледі. Қалған барлық жағдайларда күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтер 12 ай шегінде күтілетін кредиттік шығындар мөлшеріне тең мөлшерде қалыптастырылады.

Күтілетін кредиттік шығындар кредиттік шығындардың келтірілген құнын олардың ықтималдығын ескере отырып бағалауды білдіреді. Бұл шығындарды бағалау шарт бойынша Қорға тиесілі ақша қаражатының ағындары мен тиісті актив үшін тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, дисконтталған бірқатар экономикалық сценарийлердің ықтималдығын талдауды негізге ала отырып, Қор алуды күтетін ақша қаражатының ағындары арасындағы айырманың келтірілген құнын білдіреді.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Кредиттік-құнсызданған қаржы активтері

Қаржы активі осындай қаржы активі бойынша есептік болашақ ақша ағындарына теріс әсер ететін бір немесе бірнеше оқиғалар туындаған жағдайда кредиттік-құнсызданған болып есептеледі. Кредиттік-құнсызданған қаржы активтеріне қатысты «үшінші сатыдағы активтер» термині қолданылады. Кредиттік құнсыздану белгілері мынадай оқиғалар туралы бақыланатын деректерді қамтиды:

- заемшы немесе кредитордың елеулі қаржылық қиындықтары;
- дефолт немесе төлем мерзімін өткізіп алу сияқты шарт талаптарының бұзылуы;
- кредитордың заемшыға оның қаржылық қиындықтарына байланысты экономикалық себептерге немесе шарттық талаптар бойынша жеңілдік беруі, оны кредитор басқа жағдайларда бермейтін еді;
- қаржылық қиындықтар нәтижесінде бағалы қағаз үшін белсенді нарықтың жоғалуы; немесе
- келтірілген кредиттік шығындарды көрсететін, қаржы активін үлкен жеңілдікпен сатып алу.

Кейбір жағдайларда жеке оқиғаны сәйкестендіру мүмкін емес, өйткені қаржы активінің кредиттік құнсыздануы бірнеше оқиғаның жиынтық әсерінен туындауы мүмкін. Әрбір есепті күнгі жағдай бойынша Қор амортизацияланған құны бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері болып табылатын борыштық құралдардың кредиттік құнсыздануы мәніне бағалау жүргізеді. Мемлекеттік және корпоративтік борыштық құралдардың кредиттік құнсыздануын бағалау кезінде Қор облигациялардың кірістілігі, кредиттік рейтингтер және қарыз алушының қаржыландыруды тарту қабілеті сияқты факторларды ескереді.

Дефолтты анықтау

Күтілетін кредиттік шығындардың шамасын анықтау кезінде дефолт анықтамасын пайдалану өте маңызды. Дефолтты анықтау күтілетін кредиттік шығындардың сомасын бағалау және бағалау резерві одан кейінгі 12 ай немесе кредит берудің барлық мерзімі үшін есептелгенін анықтау үшін пайдаланылады, өйткені «дефолт» ұғымы «дефолт ықтималдығы» ұғымының бір бөлігі болып табылады, ол күтілетін кредиттік шығындарды бағалауға да, кредиттік тәуекелдің едәуір артуын анықтауға да әсер етеді.

Кредиттік тәуекелдің едәуір артуы

Бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі арту фактілері анықталған кезде Қор құнсыздануға қатысты талаптарға жататын барлық қаржы активтерінің мониторингін жүргізеді. Кредиттік тәуекел айтарлықтай көтерілген жағдайда, Қор бағалау резервінің шамасын келесі 12 ай ғана емес, кредит берудің барлық мерзімі ішінде күтілетін кредиттік шығындар көлемінің негізінде бағалайды.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюын бағалау кезінде Қор бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралын бастапқы тану кезінде қалған өтеу мерзімі үшін көрсетілген есепті күнге болжанған дефолт тәуекелімен есепті күнгі жағдай бойынша қаржы құралы бойынша дефолт тәуекелін өтеудің қалған мерзімін негізге ала отырып салыстырады. Мұндай бағалауды жүргізу кезінде Қор өткен кезеңдердегі ақпаратты және болжамды деректерді қоса алғанда, Қордың қолда бар тәжірибесі мен сараптамалық бағалаулары негізінде ақталмаған шығындарсыз немесе күш-жігерсіз алынуы мүмкін болжамды ақпаратты қоса алғанда, негізделген және расталған сандық және сапалық ақпаратты ескереді.

Қор контрагенттерге кредиттік тәуекелдің ішкі рейтингін олардың кредиттік сапасына байланысты береді. Кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюының негізгі көрсеткіші сандық ақпарат болып табылады, ол салыстыру жолымен анықталатын құралдың әрекет ету мерзімі ішінде дефолт ықтималдығының өзгеруі туралы ақпаратты білдіреді:

- есептік күнгі жағдай бойынша қалған қолдану мерзімі ішінде дефолт ықтималдылығы; және
- осы тәуекелді бастапқы тану кезінде болған фактілер мен жағдайлар негізінде бағаланған, қазіргі уақытта қалған қолданылу мерзімі ішіндегі дефолт ықтималдығы.

Дефолт ықтималдылығының қолданылған көрсеткіштері болжалды болып табылады; бұл ретте Қор күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резервінің шамасын өлшеу үшін пайдаланылатын әдіснамалар мен деректерді пайдаланады.

Кредиттік тәуекелдің едәуір артуын көрсететін сапалық факторлар дефолт ықтималдылығының үлгілерінде уақтылы көрсетіліп отырады. Сонымен қатар, кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы тұрғысынан бағалау кезінде Қор кейбір сапалық факторларға жеке талдау жүргізеді.

Бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір артуы салыстырмалы шама болып табылатынын ескере отырып, дефолт ықтималдылығының нақты өзгерісі (абсолюттік мәнде) бастапқы тану кезінде дефолт ықтималдығы басым қаржы құралына қарағанда бастапқы тану кезінде дефолт ықтималдығы аздау қаржы құралы үшін айтарлықтай болады.

Қаржы активтерін түрлендіру және тануды тоқтату

Қаржылық активтің түрленуі бастапқы тану күні мен қаржылық активті өтеу күні арасындағы кезеңде актив бойынша ақша ағындарын реттейтін шарттық талаптарды қайта қарау немесе өзге де түрлендіру жүргізілген жағдайда жүргізіледі. Түрлендіру шартта көзделген ақша ағындарының сомасына және/немесе мерзіміне не уақыттың дәл сол сәтіне, не уақыттың болашақтағы сәтіне әсер етеді.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертүлер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Қаржы активін түрлендіру кезінде Қор бұл түрлендірудің активті тануды тоқтатуға әкеп соға ма әлде жоқ па, соны бағалайды. Қор саясатына сәйкес, түрлендіру тек шарт талаптарында айтарлықтар айырмашылықтарға әкеп соққан жағдайда ғана тануды тоқтатуға әкеп соғады. Өзгертілген шарттардың бастапқы шарт талаптарынан айтарлықтай айырмашылығы бар-жоғын анықтау үшін Қор сапалы факторларды талдайды. Мысалы, шартта көзделген талаптар өзгергеннен кейін ақша ағындары борыштың негізгі сомасы мен пайыздар есебінен төлемдерді ғана қамтымайды; шарт валютасы немесе контрагент өзгерді. Сондай-ақ пайыздық мөлшерлемелердің, өтеу мерзімдерінің, ковенанттардың өзгеру деңгейі де талданады.

Егер аталған факторлар елеулі түрлендіруді анық көрсетпесе, онда қайта қаралған талаптарға сәйкес шарттың бастапқы талаптарына және ақша ағынына сай шарттық ақша ағындарының қалған бөлігінің келтірілген құнын және ақша ағындарын салыстыру үшін сандық бағалау жүргізіледі, бұл ретте екі сома да бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталады.

Қаржылық активті тану тоқтатылған жағдайда, күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резерві осы күнгі активтің таза баланстық құнын айқындау үшін тану тоқтатылған күні қайта бағаланады. Жаңа талаптарға сәйкес қайта қаралған баланстық құн мен жаңа қаржы активінің әділ құны арасындағы айырма тануды тоқтатудан болған пайда немесе шығынның туындауына алып келеді.

Активті тануды тоқтатуға әкеп соқпайтын қаржы активінің шарттық талаптары өзгерген жағдайда, Қор осындай актив бойынша кредиттік тәуекелдің бастапқы тану сәтінен бастап:

- бастапқы тану кезіндегі қолда бар деректер және бастапқы шарттық талаптар негізінде бағаланатын активтің қалған қолданылу мерзімі ішінде дефолт ықтималдығын; және
- қайта қаралған талаптарға сүйене отырып, есепті күнгі жағдай бойынша активтің қалған қолданылу мерзімі ішінде дефолт ықтималдығын салыстыру жолымен едәуір ұлғайғанын айқындайды.

Қордың берешекті мәжбүрлеп өндіріп алудан уақытша бас тартуға қатысты саясатына сәйкес түрлендірілген қаржы активтері үшін түрлендіру тануды тоқтатуға әкелмеген дефолттың ықтималдығын бағалау Қордың бұрынғы ұқсас тәжірибесін ескере отырып, қайта қаралған шартқа сәйкес ақша ағындарын алу қабілетін, сондай-ақ қайта қаралған шарт талаптарына сәйкес берешекті өтеуді қоса алғанда, клиенттің мінез-құлқын сипаттайтын әртүрлі көрсеткіштерді көрсетеді. Егер кредиттік тәуекел бастапқы тану кезінде күтілетін деңгейден едәуір жоғары деңгейде сақталса, онда күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резерві бұрынғысынша активтің әрекет ету мерзімі ішінде күтілетін кредиттік шығындардың мөлшеріне тең мөлшерде есептеледі.

Қаржы активін тануды толық тоқтатқан кезде активтің баланстық құны мен алынған өтеу сомасы арасындағы айырма, сондай-ақ бұрын пайда немесе шығын құрамында танылған және капитал құрамында жинақталған дебиторлық берешек және жиынтық пайда/шығын пайда немесе шығын құрамында танылады. Бұрын өзге жиынтық кіріске жатқызылған, жинақталған пайда/шығын кейіннен пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелмейтін, ӨЖКАӘҚБ санатына жіктелген меншікті капиталға инвестициялар бұған қосылмайды.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертүлер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Егер қаржы активін тану толық тоқтатылмаса (мысалы, Қор берілген активтің бір бөлігін сатып алу мүмкіндігін өзінде сақтаса), онда Қор осы қаржы активінің алдыңғы баланстық құнын ол жалғасып отырған қатысу аясында тануды жалғастыратын бөлік және активті беру күніне көрсетілген бөліктердің әділ құнының салыстырмалы мәндерін негізге ала отырып, ол бұдан былай танымайтын бөлік арасында бөледі. Есептен шығарылатын бөлікке жатқызылған баланстық құн мен есептен шығарылатын бөлік үшін алынған өтем сомасы арасындағы айырма, сондай-ақ өзге жиынтық кіріс құрамында танылған оған жатқызылған кез келген пайда немесе шығындар пайдаға немесе шығынға жатқызылады. Меншікті капиталға жатқызылған, алынған пайда немесе шығын танылуын жалғастыратын бөлік пен осы бөліктердің әділ құнының салыстырмалы мәндеріне сүйене отырып, танылуы тоқтатылған бөлік арасында бөлінеді. Бұл ереже ӨЖКАӨҚБ санатына жатқызылған үлестік құралдарға салынған инвестицияларға қолданылмайды. Бұл жағдайда бұрын өзге жиынтық кіріс құрамында танылған, жинақталған пайда немесе шығынды пайда немесе шығын санатына қайта жіктеу жүргізілмейді.

Қаржылық жағдай туралы есепте күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резервін ұсыну

Күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резерві қаржылық жағдай туралы есепте былайша ұсынылады:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері үшін: активтердің жалпы баланстық құнынан шегерім ретінде;
- ӨЖКАӨҚБ санатының борыштық құралдары үшін: қаржылық жағдай туралы есепте баланстық құн әділ құн бойынша бағаланатын болғандықтан, бағалау резерві танылмайды. Бұл ретте күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резерві инвестицияларды қайта бағалау қорының құрамындағы қайта бағалау сомасына қосылады.

Жалдау

Қор өзі жалға алушы болып табылатын барлық лизинг шарттары бойынша (12 ай немесе одан аз мерзімді жалға алу шарттары қысқа мерзімді жалдау деп анықталған) пайдалану құқығы активін және тиісті лизинг міндеттемесін таниды.

Жалға алудың міндеттемесі бастапқыда жалдау төлемдерінің жалға алу келісімінде көрсетілген мөлшерлеме бойынша дисконтталатын ағымдағы құнына бағаланады, бұл төлемдер жалдау мерзімі басталған күнге дейін төленбеген болып есептеледі. Кейіннен жалгерлік міндеттеменің бастапқы сомасы тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептелген пайыздар сомасына арттырылып, төленген жалгерлік төлемдер сомасына азайтылады.

Пайдалану құқығы активтеріне бастапқыда жалгерлік міндеттеменің бастапқы бағалауы, жалгерлік төлемдер (жалгерлік келісімнің күшіне енген күнге дейін немесе сол күні жасалған), сондай-ақ алынған жалгерлік ынталандырулар мен бастапқы тікелей шығындардың сомасы кіреді. Кейіннен олар бастапқы құнынан жинақталған тозу және құнның төмендеуі бойынша шығындар шегерілген сомада бағаланады.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда мәміле бойынша шығындарды шегере отырып, әділ құны бойынша есепке алынады. Өзге қаржылық міндеттемелер кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша есепке алынады.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құнын есептеу және тиісті кезеңге пайыздық шығыстарды бөлу үшін пайдаланылады.

Қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату

Қор қаржылық міндеттемелерді тануды олар өтелген, жойылған немесе олар бойынша талап ету мерзімі аяқталған жағдайда ғана тоқтатады. Тану тоқтатылатын қаржылық міндеттеменің баланстық құны мен төленген немесе төленуге тиісті өтем арасындағы айырма пайда немесе шығын құрамында танылады.

Қор мен кредитор арасында болып жатқан, айтарлықтай елеулі шарттарымен борыштық құралдармен алмасу бастапқы қаржылық міндеттемені өтеу және жаңа қаржылық міндеттемені тану ретінде ескеріледі. Қор қолданыстағы қаржылық міндеттеме талаптарының немесе оның бір бөлігінің елеулі өзгеруін бастапқы қаржылық міндеттемені өтеу және жаңа қаржылық міндеттемені тану ретінде ескереді. Қор, егер бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған, алынған комиссиялық сыйақыны шегергендегі комиссиялық сыйақыны төлеуді қоса алғанда, жаңа шарттарға сәйкес ақша ағындарының дисконтталған келтірілген құны бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша қалған ақша ағындарының дисконтталған келтірілген құнынан кем дегенде 10%-ға өзгеше болса, міндеттемелердің шарттары айтарлықтай ерекшеленетінін жорамалдайды.

Егер түрлендіру елеулі болып табылмаса, онда: (1) түрлендіруге дейінгі міндеттеменің баланстық құны; және (2) түрлендіруден кейінгі ақша ағындарының келтірілген құны арасындағы айырма өзге де кірістер мен шығыстар құрамында түрлендіруден түсетін кіріс немесе шығыс ретінде пайдада немесе шығындарда танылуға тиіс.

Функционалдық валюта

Қордың қаржылық есептілігіне енгізілген баптар Қор жұмыс істейтін бастапқы экономикалық орта валютасында («функционалдық валюта») өлшенеді. Қордың осы қаржылық есептілігін ұсыну валютасы қазақстандық теңге («теңге») болып табылады. Егер басқаша көрсетілмесе, барлық мәндер бүтін мың теңгеге дейін бүтінделген.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Өзара есепке алу

Қаржылық актив пен қаржылық міндеттеме есепке алынады және қаржылық жағдай туралы есепте, егер Қордың баланста танылған сомаларды есепке алуды жүзеге асыруға заңды түрде бекітілген құқығы болса және сальдо сомасы бойынша есепке алуды жүргізуге не активті сатуға және міндеттемені бір мезгілде орындауға ниеттенсе ғана, сальдо сомасы көрсетіледі. Бухгалтерлік есеп стандартында немесе тиісті түсіндірмеде талап етілетін немесе рұқсат етілетін жағдайларды қоспағанда, кірістер мен шығыстар пайда немесе шығындар және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте өзара есепке алынбайды, бұл ретте мұндай жағдайлар Қордың есеп саясатында жеке ашылады.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына бастапқы өтеу мерзімі 3 айдан аспайтын ағымдағы шоттардағы бос қалдықтар және қандай да бір шарттық міндеттемелермен ауыртпалық салынбаған, бастапқы өтеу мерзімі 3 айдан аспайтын екінші деңгейдегі банктердегі қаражат кіреді. Ақша қаражаттарының баламалары инвестициялауға немесе басқа мақсаттарға емес, қысқа мерзімді ақшалай міндеттемелерді шешуге арналған.

ҚРҰБ-ға мерзімді салымдар 2024 жылғы 11 қаңтарға дейін басқа ұйымдардың үлестік және борыштық құралдарын кейіннен сатып алу үшін инвестициялық мақсаттарда орналастырылды, сондықтан олар ақшалай қаражат баламасы ретінде жіктелмейді.

Негізгі құралдар

Қызметтерді көрсетуге, басқарушылық мұқтаждыққа арналған жер мен ғимараттар құнсызданудан болған, жиналған шығындар мен жинақталған амортизация салдарынан есептелген шегеріммен қайта бағалау сәтінде әділ құнын білдіретін қайта бағалау құны бойынша қаржылық жағдайы туралы есепте көрсетіледі.

Қайта бағалау негізгі құралдардың баланстық құны есепті күнгі олардың әділ құнынан айтарлықтай айырмашылығы болмайтындай тұрақты түрде жасалады.

Жер мен ғимараттарды бағалау үшін Қор білікті, тәуелсіз бағалаушыларды жалдайды. Жер мен ғимараттарды қайта бағалау сомасын Қор дербес анықтайды.

Меншік құқығындағы Қорға тиесілі жер амортизацияланбайды.

Көлік құралдары, жабдықтар және басқа да негізгі құралдар құнсызданудан жиналған шығындар мен жинақталған амортизация шегерімімен сатып алу құны бойынша көрсетіледі.

Амортизация жою құны шегерімімен негізгі құралдардың нақты немесе бағалау құнын шығынға жазу үшін біркелкі пайдалы пайдаланудың күтілетін мерзімі ішінде есептеледі.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Пайдалы пайдаланудың күтілетін мерзімі, баланстық құны мен амортизацияны есептеу тәсілі әрбір есепті кезеңнің соңында талданады, бұл ретте бағалаудағы барлық өзгерістер төменде көрсетілген жылдық мөлшерлемелер бойынша салыстыру көрсеткіштері қайта қаралмай, есептілікте көрсетіледі:

Ғимарат	2.5%
Компьютерлік жабдық	20-33.3%
Кеңсе жабдығы	10-20%
Көлік құралдары	10-12.5%
Лицензиялар	33.3-50%
Бағдарламалық қамтамасыз ету	33.3-50%

Негізгі құралдардың нысаны сатылған немесе активті пайдалануды жалғастырғаннан болашақта экономикалық пайда алу күтілмейтін жағдайда есептен шығарылады. Негізгі құралдарды сатудан немесе басқа да есептен шығарудан болған кіріс немесе шығын осы нысандардың сату бағасы мен баланстық құны арасындағы айырма ретінде белгіленеді және пайда немесе шығында танылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлік жал төлемін алу, капитал өсімі үшін пайдаланылатын нысандарды (оның ішінде құрылыс барысында тұрған осындай нысандар) білдіреді. Инвестициялық жылжымайтын мүлік нысандары бастапқыда сатып алуға кеткен шығындарды қоса алғанда, сатып алу құны бойынша есептеледі. Нәтижесінде олар әділ құны бойынша көрсетіледі. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құнының өзгерісі олар пайда болған кезең ішіндегі пайдаға немесе шығынға қосылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік нысаны есептен шығарылған немесе пайдаланудан түпкілікті шығарған кезде, оларға байланысты экономикалық пайда алу болжанбағанда баланстан шығынға жазылады. Нысанды есептен шығарудан болған кез келген кіріс немесе шығын (активті есептен шығарудан және баланстық құнынан түскен таза түсімдер арасындағы айырма) шығынға жазу кезеңі ішінде пайдаға немесе шығынға қосылады.

Салық салу

Табыс салығы бойынша шығыстар ағымдағы және кейінге қалдырылған салық сомасын білдіреді.

Ағымдағы пайда салығы

Ағымдағы салық сомасы бір жылға салық салынатын шамаға қарай анықталады. Салық салынғанға дейінгі пайда басқа есептік кезеңдерге салық салу мақсатындағы шегерілетін немесе салық салынатын кірістер немесе шығыстар баптары үшін пайда немесе шығындар және басқа да жиынтық кіріс туралы есепте көрсетілген пайдадан өзгешеленеді, сондай-ақ салық салу мақсатында шегерілетін немесе салық салынбайтын баптарды қамтымайды. Ағымдағы пайда салығы бойынша міндеттемелер заңнамамен есепті кезеңнің соңына дейін енгізілген салық салу мөлшерлемесін пайдалана отырып есептеледі.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Кейінге қалдырылған табыс салығы

Кейінге қалдырылған салықтық активтердің баланстық құны әр есепті кезең соңында қайта қаралады және бұл активтерді толық немесе ішінара қолдау үшін жеткілікті келешекте салық салынатын пайданың болу ықтималдылығы енді жоғары болмаса азайтылады. Пайда салығы бойынша кейінге қалдырылған салықтық активтер мен міндеттемелер есепті күнде заңнамамен бекітілген немесе бекітілгелі тұрған салық мөлшерлемелері (сондай-ақ салық заңнамасының ережелері) қолданылып есептеледі және салықтық активті іске асыру немесе міндеттемелерді өтеу кезеңінде қолданылады деп есептеледі.

Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер мен активтердің бағасы Қордың активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын өтеу немесе орнын толтыру тәсілдеріне қатысты ниетінің (есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша) салықтық салдарын білдіреді.

Жыл ішіндегі ағымдағы және кейінге қалдырылған табыс салығы

Пайдаға салынатын ағымдағы салық және кейінге қалдырылған салық тікелей басқа да жиынтық кіріс немесе меншікті капитал құрамында көрсетілген баптарға жатқызылған жағдайлардан басқа, пайдада немесе шығында танылады. Бұл жағдайда ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар өзге жиынтық кірісте немесе тиісінше тікелей капиталда танылады.

Операциялық салықтар

Қор өз қызметін жүргізетін Қазақстан Республикасында табыс салығынан басқа Қор қызметіне қатысты қолданылатын әртүрлі салықтарды есептеу және төлеу талаптары бар. Бұл салықтар пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

Алдағы шығыстар резерві

Алдағы шығыстар резерві, Қордың өткен оқиғалар нәтижесінде пайда болған міндеттемелері (заңды немесе іскерлік айналым нормаларымен негізделген) болса және Қордың аталған міндеттемелерді өтейтін мүмкіндігі болса, ал сондай міндеттемелердің көлемі бағаланған болса, есепте көрсетіледі.

Есепте көрсетілген алдағы шығыстар резервінің шамасы тәуекелдер мен осы міндеттемелерге тән белгісіздік есебімен есепті кезең соңында айқындалған міндеттемелерді өтеу үшін қажет соманың үздік бағасын білдіреді. Егер алдағы шығыстар резервінің шамасы міндеттемелерді өтеу бойынша болжалды ақша ағыны негізінде есептелсе, онда алдағы шығыстар резерві осындай ақша ағынының (егер уақыт ішінде ақша құнының ықпалы едәуір болса) дисконтталған құны ретінде белгіленеді.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертүлер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Егер міндеттемелерді өтеу үшін қажетті төлемдерді үшінші тарап ішінара немесе толық өтейді деп күтілсе, тиісті дебиторлық берешек өтемақы алынатынына толық сенімділік және осы дебиторлық берешек сомасын сенімді бағалау мүмкіндігі болған жағдайда актив ретінде көрсетіледі.

Капитал резервтері

Қордың қаржылық жағдайы туралы есепте капитал құрамында көрсетілген резервтер негізгі құралдарды қайта бағалау жөніндегі резервті, сондай-ақ міндеттемелердің уақтылы орындалуын қамтамасыз етуге және Қордың күтпеген шығыстарын жабуға арналған резервтерді қамтиды.

3. Бағалау барысындағы елеулі жорамалдар және белгісіздік көздері

Қордың есеп саясатын қолдану барысында басшылық активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына қатысты басқа дереккөздерде жасалмаған болжамдар, бағалар мен жорамалдар жасауы тиіс. Бағалау мәндері мен олардың негізінде жатқан жорамалдар өткен тәжірибелерден және нақты жағдайларда орынды деп саналатын басқа да факторлардан қалыптасады. Нақты нәтижелер бағалау деректерінен ерекшеленуі мүмкін.

Бағалау және олармен байланысты жорамалдар жүйелі түрде қайта қаралады. Егер тек осы кезеңге ықпал етсе, не бағалау қайта қаралған кезеңге, және өзгеріс ағымдағы, сондай-ақ болашақ кезеңдерге әсер ететін, болашақ кезеңдерге әсер еткен болса, бағалаудағы өзгерістер қайта қаралған кезеңде көрсетіледі.

Елеулі жорамалдар

Кредиттік тәуекелдің елеулі түрде артуы

2-ескертуде түсіндірілгендей, күтілетін кредит шығындарының шамасы 12 ай шегінде (бірінші кезеңдегі активтер үшін) немесе бүкіл кредит беру мерзімінің ішінде (екінші және үшінші кезеңдегі активтер үшін) күтілетін кредит шығындарына тең бағалау резервінің сомасында бағаланады. Актив бастапқы тану сәтінен бастап ол бойынша кредиттік тәуекел елеулі түрде артқан кезде екінші кезеңге өтеді. ХҚЕС (IFRS) 9 ішінде кредиттік тәуекелдің елеулі түрде артуының анықтамасы жоқ. Қордың жеке активі бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі түрде артуы бағаланған кезде негізді әрі растауға болатын сапалық және сандық болжамды ақпарат ескеріледі.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

4. Жаңа және қайта қаралған халықаралық қаржылық есептілік стандарттары

Жаңа және қайта қаралған стандарттарды қабылдау

Ағымдағы жылға қатысты күшіне енген, ХҚЕС бухгалтерлік есептің жаңа және өзгертілген стандарттары

Ағымдағы жылы Қор 2025 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейінгі есепті кезең үшін міндетті түрде күшіне енетін, ХҚЕС жөніндегі Кеңес шығарған ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына бірқатар түзетулер енгізді. Оларды қолдану ақпаратты ашуға немесе осы қаржылық есептілікте ұсынылған сомаларға елеулі ықпал еткен жоқ.

«Валюта бағамдары өзгерістерінің әсері»: «Валюта айырбастау мүмкіндігінің болмауы» 21 ХҚЕС (IAS) түзетулері

Қор 21 ХҚЕС (IAS) түзетулерін ағымдағы жылы алғаш рет қолданды. Түзетулер валюта айырбастау мүмкіндігін қалай бағалау керектігін және егер мүмкін болмаса, айырбастау бағамын қалай анықтау керектігін көрсетеді.

Шығарылған, бірақ күшіне енбеген ХҚЕС бухгалтерлік есептің жаңа және қайта қаралған стандарттары

Қор осы қаржылық есептілік бекітілген күні ХҚЕС бухгалтерлік есебінің шығарылған, бірақ күшіне енбеген мынадай жаңа және қайта қаралған стандарттарын қолданған жоқ:

ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулер
ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарын жыл сайын жетілдіру — 11-том

«Қаржы құралдарын жіктеу және бағалау» туралы ережеге түзету
Түзетулер: ХҚЕС (IFRS) 1 «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану»; ХҚЕС (IFRS) 7 «Қаржы құралдары: ақпарат ашу», «ХҚЕС (IFRS) 7 енгізу бойынша нұсқаманы» қоса алғанда; ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»; ХҚЕС (IAS) 7 «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп».

ХҚЕС (IFRS) 18

«Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу»

Қор жаңа және қайта қаралған стандарттар мен жаңа түсіндірмелерді күшіне енген күннен бастап қолданады. Қор басшылығы ХҚЕС (IFRS) 18 қоспағанда, жаңа және қайта қаралған ХҚЕС деректерін қолдану Қордың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді. Болашақ кезеңдердегі Қордың қаржылық есептілігіне ХҚЕС (IFRS) 18 әсерін басшылық талдауда.

5. Комиссиялық кірістер

	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Зейнетақы Схемасының активтерінен комиссиялық кірістер	21,115,913	18,621,786
Комиссиялық кірістер жиыны	21,115,913	18,621,786

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

2025 жылы Қор зейнетақы Схемасы активтерінің сомасынан айына орташа есеппен 0.0075% мөлшерінде комиссиялық кіріс алды (2024 жыл: 0.0079 %).

2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілген, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 58-бабына сәйкес 2025 жылғы комиссиялық кіріс зейнетақы Схемасының активтері сомасынан айына 000.8% мөлшерінде (2024 жыл: 0.008), бірақ республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын, 0.04 еселенген айлық есептік көрсеткіштің және тиісті күнтізбелік айдың 1-і күнгі жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында ашылған, міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша зейнетақы жинақтары бар жеке зейнетақы шоттарының санының көбейтіндісі ретінде айқындалатын шамадан аспайтын мөлшерде есептелді.

Есептеу ай сайынғы негізде жүргізіледі және есептеу үшін комиссиялық кірісті есептеу және есебі жүргізілетін айдың бірінші күнінің басындағы жағдай бойынша зейнетақы Схемасы активтерінің құны пайдаланылады.

6. Таза пайыздық кіріс

	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Пайыздық кірістер:		
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері:		
- құнсызданбаған қаржы активтері	33,807,294	29,139,374
Пайыздық кірістер жиыны	33,807,294	29,139,374
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері:		
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздар	29,447,090	24,943,587
Кері «РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	4,360,204	3,971,449
ҚРҰБ-ға мерзімді салымдар	-	224,338
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтерінен түскен пайыздық кіріс жиыны	33,807,294	29,139,374
Жалдау бойынша міндеттемелерден пайыздық шығыстар	(225,880)	(143,127)
Таза пайыздық кіріс жиыны	33,581,414	28,996,247

7. Қызметкерлерге жұмсалатын шығыстар

	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Қызметкерлердің сыйақысы	13,110,606	10,329,357
Жалақы бойынша салықтар мен аударымдар	1,695,462	1,179,830
Қызметкерлерге жұмсалатын шығыстар жиыны	14,806,068	11,509,187

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

8. Жалпы және әкімшілік шығыстар

	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
НҚ және МЕА амортизациясы	1,205,819	1,086,406
Бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдау қызметтері	851,738	664,321
Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің амортизациясы	504,338	458,640
Ақпараттық және телекоммуникациялық қызметтер	452,821	506,279
Жөндеу жұмыстары және эксплуатация	398,191	357,218
Коммуналдық қызметтер	328,879	317,993
Сақтандыру	192,269	168,063
Аудиторлық қызметтер*	176,198	97,421
Табыс салығынан өзге салықтар	157,128	159,379
Пошталық қызметтер және салымшыларды хабарландыру қызметтері	147,080	357,814
Кәсіби қызметтер	130,917	84,002
Көлік шығыстары	110,212	106,656
Іссапар шығындары	103,142	95,891
Мүшелік жарналар	47,997	36,919
Күзет	47,825	37,595
Кеңсе тауарлары	33,601	41,501
Отын	23,513	23,153
Банк қызметтері	1,641	2,472
Басқалар	125,699	105,157
Жалпы және әкімшілік шығыстар жиыны	5,039,008	4,706,880

Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің амортизациясы Қазақстан Республикасындағы орташа жалдау мерзімі 3 жылға дейінгі кеңсе жалдауына жатады.

* 2025 және 2024 жылдары тәуелсіз аудитор Қорға аудиторлық емес қызметтер көрсеткен жоқ.

9. Табыс салығы бойынша шығыс

Қор ағымдағы кезең үшін табыс салығы бойынша есепті Қор жұмыс істейтін ҚР салықтық заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын салықтық есеп деректерінің негізінде жасайды және аталған талаптар ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарынан өзгеше болуы мүмкін.

Шығыстардың белгілі бір түрлері салық салу мақсаттары үшін есепке алынбайтындығына байланысты, сондай-ақ Қордың да салық салынбайтын кірісі бар екенін ескерсек, белгілі бір салықтық айырмашылықтар үнемі туындап отырады.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

Кейінге қалдырылған салық активтердің есептегі құны мен қаржылық есептілік мақсатындағы міндеттемелер және салық салу мақсатында белгіленген сома арасындағы уақытша айырмашылықтан таза салықтық тиімділікті көрсетеді. 2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы уақытша айырмашылықтар, негізінен, кіріс пен шығысты есептеудің түрлі әдістерімен/мерзімдерімен, сондай-ақ кейбір активтердің есептік және салықтық құнындағы айырмашылықтарға байланысты туындайтын уақытша айырмашылықтармен байланысты.

	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыс	(4,169,274)	(1,246,830)
Уақытша айырмашылықтардың туындауы және қалпына келтіру салдарынан кейінге қалдырылған салықтардың шамасын өзгерту	434,882	(197,934)
Табыс салығы бойынша шығыстар жиыны	(3,734,392)	(1,444,764)

2025 және 2024 жылдар ағымдағы және кейінге қалдырылған салық мөлшерлемесі төмендегілерді қоспағанда, 20% құрайды.

2025 жылы Қор Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 15 шілдедегі No 208-VIII Заңына сәйкес қосылған Салық кодексінің өтпелі ережелерін қолданды. Оларға сәйкес салық салу объектілері 20% мөлшерлеме бойынша салық салынатын объектілерге және 10% мөлшерлеме бойынша салық салынатын объектілерге бөлінді. 10% мөлшерлемемен кірістің келесі түрлеріне салық салынады:

- бір жылға дейінгі мерзімге жасалған кері репо бойынша мәмілелер бойынша сыйақы (бір жылға дейінгі мерзімге жасалған тікелей репо мәмілелері бойынша сыйақы бойынша шығыстар сомасына азайтылған);
- мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы.

Бұрын мұндай кіріс түрлеріне салық салынбаған. Қалған салық салынатын объектілерге 20% мөлшерлеме бойынша салық салынады.

Табыс салығының тиімді мөлшерлемесін салыстыру:

	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Табыс салығына дейінгі пайда	34,272,625	30,808,602
Қолданыстағы салық мөлшерлемесіне сәйкес есептелген табыс салығы	(6,854,525)	(6,161,720)
10% салық мөлшерлемесі бойынша салық салудың әсері	3,075,452	-
Бағалы қағаздар бойынша салық салынбайтын кірістердің салықтық әсері	383,979	4,988,717
Шегерімге жатпайтын шығыстардан, басқа салықтар салынбайтын кірістерден салықтық әсер	(339,298)	(271,761)
Табыс салығы бойынша шығыстар	(3,734,392)	(1,444,764)

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза кейінге қалдырылған салықтық активтер келесі түрде берілген:

	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Мыналардан туындайтын уақытша айырмашылықтар:		
Жалдау бойынша міндеттемелер	594,637	538,901
Басқа міндеттемелер	515,782	401,313
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	151,701	(180,922)
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	(161,596)	(134,692)
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	(571,362)	(530,381)
Басқалар	(1,205)	(1,144)
Кейінге қалдырылған салық бойынша таза активтер	527,957	93,075
	2025 жылғы 31 жоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Кейінге қалдырылған салық активтері		
1 қаңтарға	93,075	343,288
Пайданың немесе шығынның құрамында көрсетілетін кейінге қалдырылған табыс салығының өзгеруі	434,882	(197,933)
Өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетілетін кейінге қалдырылған табыс салығының өзгеруі	-	(52,280)
31 желтоқсанға	527,957	93,075

10. Ақша қаражаты және банктердегі салымдар

Ақша қаражаты мен оның баламалары ақшалай қаражат қозғалысы туралы есеп мақсаттары үшін мыналарды қамтиды:

	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Банктердегі және басқа ұйымдардағы ағымдағы шоттар:		
«Қазақстан Халық банкі» АҚ	56,537	253,156
«Halyk finance» брокерінің клиенттік шоты	459	766
	56,996	253,922
Шегергенде: күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв (16-ескерту)	(24)	(108)
Банктердегі және басқа ұйымдардағы ағымдағы шоттар жиыны	56,972	253,814

11. Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері

	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Борыштық бағалы қағаздар	289,260,298	263,851,234
Минус: Күтілетін кредиттік шығындар резервтері (16-ескерту)	(22,317)	(28,734)
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің жиыны	289,237,981	263,822,500

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің құрамына тиісінше 13,979,529 мың теңге және 13,450,928 мың теңге сомасына есептелген пайыздық кіріс енгізілді.

	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Борыштық бағалы қағаздар :		
Мемлекеттік облигациялар		
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары	266,186,131	246,798,205
Мемлекеттік облигациялар жиыны	266,186,131	246,798,205
Корпоративтік облигациялар		
«Бәйтерек» Ұлттық басқару холдингі АҚ	10,395,764	10,395,765
Азия Даму Банкі	8,088,074	1,563,362
Еуропа қайта құрылымдау және даму банкі	4,590,328	-
«QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ	-	5,093,902
Корпоративтік облигациялар жиыны	23,074,167	17,053,029
Күтілетін кредиттік шығын резервтеріне дейін борыштық бағалы қағаздар жиыны	289,260,298	263,851,234
Минус: Күтілетін кредиттік шығындар резерві (16-ескерту)	(22,317)	(28,734)
Борыштық бағалы қағаздар жиыны	289,237,981	263,822,500

12. Кері «РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек

	2025 жылғы 31 желтоқсан		2024 жылғы 31 желтоқсан	
	Баланстық құны	Әділ құны	Баланстық құны	Әділ құны
Борыштық бағалы қағаздар:				
Мемлекеттік облигациялар				
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің облигациялары	32,285,377	32,285,377	8,883,083	8,883,083
Мемлекеттік облигациялар жиыны	32,285,377	32,285,377	8,883,083	8,883,083
Корпоративтік облигациялар				
«Қазақстандық тұрақтылық қоры» АҚ	1,801,808	1,801,808	18,400,090	18,400,090
Еуразиялық Даму Банкі	27,260	27,260	1,454,614	1,454,614
Корпоративтік облигациялар жиыны	1,829,068	1,829,068	19,854,704	19,854,704
Күтілетін кредиттік шығындар резервтеріне дейін кері «РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек жиыны	34,114,445	34,114,445	28,737,787	28,737,787
Минус: Күтілетін кредиттік шығындар резерві (16-ескерту)	(116)	(116)	(49)	(49)
Кері «РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек жиыны	34,114,329	34,114,329	28,737,738	28,737,738

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кері «РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешектің құрамына 187,586 мың теңге (2024 жылғы 31 желтоқсан: 26,132 мың теңге) сомасына есептелген пайыздық кіріс енгізілді.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

13. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер

	Негізгі құралдар					Материалдық емес активтер		
	Жер	Ғимарат	Компьютерлік жабдық	Кеңсе жабдығы	Көлік құралдары	Лицензиялар	Бағдарламалық қамтамасыз ету	Жиыны
Қайта бағаланған/бастапқы құн								
2025 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	251,188	6,832,044	5,389,012	1,688,990	514,324	491,094	397,436	15,564,088
Түсімдер	-	-	837,198	325,338	-	309,161	181,319	1,653,016
Есептен шағару	-	-	(51,316)	(10,484)	(28)	(159,764)	(177,822)	(399,414)
Шығынға жазу	-	-	(526)	-	-	-	-	(526)
2025 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	251,188	6,832,044	6,174,368	2,003,844	514,296	640,491	400,933	16,817,164
Тозу және амортизация								
2025 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	-	(16,126)	(2,976,231)	(1,140,335)	(317,341)	(177,575)	(271,757)	(4,899,365)
Жыл ішіндегі тозу және амортизация	-	(193,504)	(613,171)	(185,398)	(43,501)	(109,675)	(60,570)	(1,205,819)
Есептен шығару	-	-	51,316	10,484	28	159,764	177,822	399,414
2025 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	-	(209,630)	(3,538,086)	(1,315,249)	(360,814)	(127,486)	(154,505)	(5,705,770)
Баланстық құн								
2025 жылғы 31 желтоқсанға	251,188	6,622,414	2,636,282	688,595	153,482	513,005	246,428	11,111,394

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

	Негізгі құралдар					Материалдық емес активтер		
	Жер	Ғимарат	Компьютерлік жабдық	Кеңсе жабдығы	Көлік құралы	Лицензиялар	Бағдарламалық қамтамасыз ету	Жиыны
Қайта бағаланған/бастапқы құн								
2024 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	262,205	6,954,087	4,090,178	1,377,112	514,324	2,202,265	1,115,233	16,515,404
Түсімдер	-	-	1,377,625	338,526	-	300,715	74,329	2,091,195
Есептен шығару	-	-	(78,791)	(26,648)	-	(2,011,886)	(792,126)	(2,909,451)
Капиталда танылған қайта бағалау	(5,699)	267,101	-	-	-	-	-	261,402
Шығынға жазу	(5,318)	(389,144)	-	-	-	-	-	(394,462)
2024 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	251,188	6,832,044	5,389,012	1,688,990	514,324	491,094	397,436	15,564,088
Тозу және амортизация								
2024 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	-	(201,952)	(2,588,339)	(1,016,786)	(273,591)	(2,002,460)	(1,012,115)	(7,095,243)
Жыл ішіндегі тозу және амортизация	-	(187,007)	(466,683)	(150,197)	(43,750)	(187,001)	(51,768)	(1,086,406)
Есептен шығару	-	-	78,791	26,648	-	2,011,886	792,126	2,909,451
Шығынға жазу	-	372,833	-	-	-	-	-	372,833
2024 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	-	(16,126)	(2,976,231)	(1,140,335)	(317,341)	(177,575)	(271,757)	(4,899,365)
Баланстық құн								
2024 жылғы 31 желтоқсанға	251,188	6,815,918	2,412,781	548,655	196,983	313,519	125,679	10,664,723

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдар кепілде болған жоқ.

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдар құрамында құны тиісінше 3,047,020 мың теңге және 2,748,059 мың теңге құрайтын толығымен амортизацияланған жабдық көрінді.

Қордың жері мен ғимараттары әділ құны бойынша бағаланады және 3-деңгейге жатады. Егер Қордың ғимараттары бастапқы құны бойынша бағаланса, олардың баланстық құны 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 6,190,435 мың теңгені құрайтын еді (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 6,371,390 мың теңге).

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Төменде 2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор ғимараттары туралы толық ақпарат пен әділ құнының иерархиясы туралы деректер көрсетілген:

	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Келесі өңірлердегі ғимараттар:		
Алматы, Самал-2 ш/а, 97-үй (3-7, 9, 10, 12, 13-қабаттар және жертөле қабатының бөлігі)	4,950,371	5,092,351
Нұр-Сұлтан, Бигелдинов көшесі, 12-үй	913,104	941,199
Алматы, Шевченко көшесі, 80-үй	646,652	666,198
Нұр-Сұлтан, Республика даңғылы, 4-үй	112,287	116,170
Жиыны	6,622,414	6,815,918

14. Инвестициялық жылжымайтын мүлік

	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 31 желтоқсанға аяқталған жыл
Жыл басында	3,721,053	3,743,444
Мүлікті қайта бағалаудан түскен таза пайда/(шығын)	134,519	(22,391)
Жыл соңында	3,855,572	3,721,053

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құны 3-деңгейге жатқызылды және тиісінше 3,855,572 мың теңгені және 3,721,053 мың теңгені құрады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құнын бағалауды тәуелсіз бағалаушылар салыстыру тәсілін пайдалана отырып жүргізді. 2025 жылы бағалау әдістемесінде қандай да бір өзгерістер болған жоқ.

15. Акционерлік капитал

Шығарылған капитал

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған және айналымдағы акционерлік капитал жалпы сомасы 7,114,244 мың теңге болатын 9,489,248 жай акциялардан құралды.

Резервтік капитал

2005 жылғы 8 шілдедегі өзгерістерге дейін қолданыста болған «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қордың өзінің таза пайдасы есебінен қалыптастырылған резерві болуға міндетті болды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген таза пайда есебінен резервтік капиталды қалыптастыру жөніндегі талап жоқ.

Сонымен қатар, Жалғыз Акционердің шешімімен (ҚРҰБ Басқармасының 2021 жылғы 22 ақпандағы №13 қаулысы) Қор Жалғыз акционердің шешімі негізінде қаржылық тұрақтылықты қолдау және күтпеген шығындарды жабу мақсатында Қордың меншікті активтерінің 5% мөлшерінде бөлінбеген пайда есебінен резервтер құра алатындығы туралы Қор Жарғысына толықтыру енгізілді.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

ҚРҰБ Басқармасының 2025 жылғы 22 мамырдағы №28 қаулысына сәйкес Қор қаржылық тұрақтылықты қолдау және күтпеген шығындарды жабу мақсатында 1,515,738 мың теңге сомасында алдыңғы жылдардың бөлінбеген пайдасы есебінен резерв мөлшерін ұлғайтты.

ҚРҰБ Басқармасының 2024 жылғы 24 мамырдағы №30 қаулысына сәйкес Қор қаржылық тұрақтылықты қолдау және күтпеген шығындарды жабу мақсатында 1,487,712 мың теңге сомасында алдыңғы жылдардың бөлінбеген пайдасы есебінен резерв мөлшерін ұлғайтты.

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервтік капитал тиісінше 15,615,899 мың теңгені және 14,100,161 мың теңгені құрады.

16. Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтер

Төмендегі кестеде шығындар резерві шамасының өзгеруіне әкеп соққан кезең ішіндегі қаржы активтерінің жалпы баланстық құнының елеулі өзгерістеріне, сондай-ақ активтер тобы бойынша бөле отырып, күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтің өзгеруіне талдау берілген:

	Ақша қаражаты және банктердегі салымдар (10-ескерту)	Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері (12-ескерту)	Кері «РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	Басқа да қаржы активтері		Банктердегі мерзімді салымдар	Жиыны
	1-кезең	1-кезең	1-кезең	1-кезең	3-кезең	3-кезең	
2024 жылғы							
1 қаңтардағы жағдай бойынша жалпы баланстық құн	58,177,992	206,124,698	-	21,562	752,474	15,093,648	280,170,374
Жалпы баланстық құнның өзгеруі	(57,924,070)	57,726,536	28,737,787	66,124	(199,467)	(66,369)	28,340,541
2024 жылғы							
31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалпы баланстық құн	253,922	263,851,234	28,737,787	87,564	553,129	15,027,279	308,510,915
Жалпы баланстық құнның өзгеруі	(196,926)	25,409,064	5,376,658	(58,334)	5,921	-	30,536,383
2025 жылғы							
31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалпы баланстық құн	56,996	289,260,298	34,114,445	29,230	559,050	15,027,279	339,047,298

Банктердегі мерзімді салымдар «Delta Bank» АҚ және «Казинвестбанк» АҚ-ға орналастырылған депозиттерден тұрады. Аталған депозиттер бойынша 2016 жылдан бастап 100% провизиялар құрылған болатын. ХҚЕС (IFRS) 9 сай, активтерді тек Қор шартпен көзделген қаржы активі бойынша ақшалай ағындардың жалпы немесе қандай да бөлігінің өтелуін күтуге негізі болмаған жағдайда есептен шығарады.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Амортизацияланған құны, кері «РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек, ақша қаражаты және банктердегі салымдар бойынша ескерілетін қаржы активтері бойынша құнсызданудан жиналған шығындағы, сыйақы есептелетін активтердің құнсыздану резервтеріндегі, басқа активтер бойынша қозғалыс былай берілді:

	Қаражат және ҚРҰБ-дағы салымдар (10-ескерту)	Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері (11-ескерту)	Кері «РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек (12-ескерту)	Басқа қаржы активтері		Банктердегі мерзімді салымдар	Жиыны
	1-кезең	1-кезең	1-кезең	1-кезең	3-кезең	3-кезең	
2024 жылғы							
1 қаңтардағы шығындар резерві	(103)	(21,874)	-	(694)	(752,474)	(15,093,648)	(15,868,793)
Құрылған немесе жаңадан сатып алынған қаржы активтері	-	(3,863)	(49)	(3,345)	(770)	-	(8,027)
Танылуы тоқтатылған қаржы активтері	35	1,378	-	15	99	-	1,527
Кредиттік тәуекел параметрлерінің өзгеруімен негізделген таза өзгерістер	(40)	(4,375)	-	1,722	200,016	66,369	263,692
2024 жылғы							
31 желтоқсандағы шығындар резерві	(108)	(28,734)	(49)	(2,302)	(553,129)	(15,027,279)	(15,611,671)
Құрылған немесе жаңадан сатып алынған қаржы активтері	(2,620)	(3,675)	(792)	(8,684)	(5,095)	-	(20,866)
Танылуы тоқтатылған қаржы активтері	2,705	10,092	725	10,747	5,159	-	29,428
Кредиттік тәуекел параметрлерінің өзгеруімен негізделген таза өзгерістер	(1)	-	-	(516)	(222)	-	(739)
2025 жылғы							
31 желтоқсандағы шығындар резерві	(24)	(22,317)	(116)	(755)	(553,287)	(15,027,279)	(15,603,778)

17. Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару Қордың операциялық қызметінің маңызды элементі болып табылады. Анықтау көрсетілім келесі тәуекел түрлері бойынша жүргізіледі: баға тәуекелін, сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелін және валюталық тәуекелді, сондай-ақ кредиттік тәуекел мен өтімділік тәуекелін қамтитын нарықтық тәуекел.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертүлер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Тәуекелдерді басқару саясаты және рәсімдері

Қордың тәуекелдерді басқару саясаты Қор бейімді тәуекелдерді анықтауға, сараптауға және басқаруға, тәуекелдер шегін және тиісті бақылауды белгілеуге, сонымен қатар тәуекел деңгейін және оның белгіленген шектерге сәйкестігін тұрақты түрде бағалауға бағытталған. 2024 жылдың басынан «БЖЗҚ» АҚ меншікті активтері дербес басқаруда болды. «БЖЗҚ» АҚ меншікті активтерін инвестициялау саясатына және «БЖЗҚ» АҚ инвестициялық стратегиясына сәйкес Қор өзінің инвестициялық стратегиясына сәйкес және бекітілген инвестициялау лимиттері шеңберінде инвестициялық шешімдерді дербес қабылдады.

Тәуекелдерді басқару жүйесі Қордың қалыпты қызметінің бұзылуына әкелуі мүмкін оқиғаларды уақтылы анықтау, бағалау және алдын алуға бағытталған бақылау жүйесін белгілейтін кешенді жолды пайдаланады. Қор инвестициялық шешім қабылдау сатысында тәуекелдерді бағалайды, басқарушылық есептіліктегі меншікті активтерге пост-мониторинг жүргізеді, онда түрлі құралдарды қолдану арқылы инвестициялық тәуекелдерді бағалау әдістері толық сипатталып, кеңінен пайдаланылады.

Зейнетақы активтері мен меншікті активтер қоржындарының жағдайы және қаржы тәуекелдеріне бейімділігі бойынша есептілікті қарастыру ай сайын жүзеге асырылады.

Қордың Директорлар кеңесі Схеманың ішкі саясаты мен рәсімдерін бекітеді және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесінің тиісінше жұмыс істеуі үшін жалпы жауапкершілікті көтереді. Басқарма қаржылық емес тәуекелдерді барынша азайту бойынша ішкі нормативтік құжаттарды бекітеді, оның аясында операциялық тәуекелдерді өз өзін бағалау бойынша құралдар, негізгі тәуекел индикаторларына (НТК) мониторинг жүргізу әдістері пайдаланылады, олар озық көрсеткіштер болып табылады және операциялық тәуекелдердің әлеуетті көздерін, ішкі бақылау субъектілерінің өкілеттігін бөлу, жауапкершілігін анықтауды, кейіннен үдерістің әрбір кезеңіндегі операцияларды бақылауды және жауапты тұлғалардың/басшылардың келісуінің міндетті рәсімдерінің иерархиясын/бірізділігін сақтауды және Қордағы ішкі бақылау жүйесіне үнемі мониторинг жүргізуді білдіретін ішкі бақылау жүйесін басқару әдістерін көрсетеді.

Қор әрбір бөлімшенің құрамында жауапты тұлғаларды тағайындайды, олардың міндетіне бизнес үдерістерінің матрицасын әзірлеу мен үздіксіз жаңғырту, осы бизнес үдерістерге тән әлеуетті және анықталған тәуекелдерді бағалау кіреді. Жоғарыда аталған құралдарды пайдалану нәтижесі бойынша операциялық тәуекелдерді басқару жүйесінің аясында Тәуекелдерді барынша азайту бойынша іс-шаралар жоспары әзірленеді және бекітіледі, ол тәуекелдердің іске асырылу себептерін жоюға, тәуекел оқиғалары мен әлеуетті тәуекелдер іске асырылған жағдайдағы салдарды барынша азайтуға бағытталған.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша ақша қаражатының болашақ ағынының немесе әділ құнының өзгеру тәуекелі. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелден, пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелінен, сондай-ақ басқа да баға тәуекелдерінен тұрады. Нарықтық тәуекел нарықтағы жалпы және өзіне тән өзгерістердің және нарықтық бағалардың құбылмалылық деңгейі өзгерістерінің ықпалына бейім пайыздық, валюталық және үлестік қаржы құралдарына қатысты ашық позициялар бойынша туындайды.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Қор сенімгерлік басқаруға берілген қаржы құралдарының нарықтық тәуекелдеріне кезеңді түрде пост-мониторинг жүргізеді.

Пайыздық тәуекел

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі – бұл нарықтық пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша ақша қаражатының болашақ ағынының немесе әділ құнының өзгеру тәуекелі. Көптеген нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары Қордың қаржылық жағдайына және ақша қаражатының ағындарына әсер етеді. Мұндай ауытқулар пайыздық маржаның деңгейін ұлғайта алады, бірақ оны азайтуы не пайыздық мөлшерлемелер аяқ асты өзгерген жағдайда шығындардың туындауына әкеп соғуы мүмкін.

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдықты талдау

Пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау мерзімдерін талдауға негізделген сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелін басқару қаржы активтері мен міндеттемелердің сезімталдығына мониторингпен толықтырылады.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел - валюталардың айырбастау бағамдарының өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша ақша қаражатының әділ құны немесе болашақ ағындарының өзгеру тәуекелі.

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың шетел валютасындағы міндеттемелер мен қаржы активі болмады.

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – бұл Қордың контрагентінің міндеттемелерді орындамауының нәтижесінде туындайтын қаржылық шығындар тәуекелі. Қор кредиттік тәуекелді (танылған қаржылық активтер және танылмаған шарттық міндеттемелер бойынша) контрагенттер немесе контрагенттер тобы бойынша кредиттік тәуекелдің шоғырлану шегін белгілеу және сақтау талаптарын қамтитын бекітілген саясат пен рәсімдерді қолдану арқылы басқарады.

Қор кредиттік тәуекелге бейімділіктің жекелеген көздерінің жай-күйіне тұрақты түрде пост-мониторинг жүргізеді жән өзінің контрагенттерінің төлем қабілетін жүйелі түрде қайта бағалайды. Қайта бағалау рәсімдері контрагенттің соңғы есепті күндегі қаржылық есептілігін немесе Қордың басқа тәсілмен алған басқа ақпаратын талдауға негізделеді.

Есепті күнгі жағдай бойынша қаржы активтеріне қатысты кредиттік тәуекелдің ең жоғарғы деңгейі былай берілуі мүмкін:

	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Активтер		
Ақша қаражаты және банктердегі салымдар	56,972	253,814
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	289,237,981	263,822,500
Кері «РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	34,114,329	28,737,738
Алынатын комиссиялық кірістер	1,773,079	1,643,596
Басқа қаржы активтері	34,238	85,262

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың 1-контрагенті – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (2024 жыл: 1-контрагент – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі), олар бойынша кредиттік тәуекелге бейімділік капиталдың 10%-ынан асады. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аталған контрагенттерге қатысты кредиттік тәуекелге бейімділік 266,176,697 мың теңгені (2024 жыл: 255,670,903 мың теңге) құрады.

Бұдан әрі Қордың кредиттік рейтингілер бойынша мерзімі өтпеген және құнсызданбаған қаржы активтерінің жіктелімі берілген:

	≥BBB	<BBB	Итого
2025 жылғы 31 желтоқсан			
Ақша қаражаты және банктердегі салымдар	56,972	-	56,972
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	289,237,981	-	289,237,981
Кері «РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	34,087,069	27,260	34,114,329
Алынатын комиссиялық кірістер	1,773,079	-	1,773,079
Басқа қаржы активтері	-	34,238	34,238
2024 жылғы 31 желтоқсан			
Ақша қаражаты және банктердегі салымдар	253,814	-	253,814
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	258,733,689	5,088,811	263,822,500
Кері «РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	27,283,174	1,454,614	28,737,788
Алынатын комиссиялық кірістер	1,643,596	-	1,643,596
Басқа қаржы активтері	-	85,262	85,262

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл Қордың өз міндеттемелерін орындау үшін ақша қаражатын тарту қиындықтарына ұшырау тәуекелі. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері сәйкес келмеген кезде туындайды. Активтер мен міндеттемелердің пайыздық мөлшерлемелері мен өтеу мерзімі бойынша сәйкестігі және/немесе бақылауға алынған сәйкессіздігі өтімділік тәуекелін басқарудың негізін қалаушы сәт болып табылады. Жүргізіліп жатқан операциялардың әр түрлілігі мен олармен байланысты белгісіздік салдарынан активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімі бойынша толық сәйкесуі қаржы институттары үшін операциялардың табыстылығын арттыруға мүмкіндік беретін қарапайым тәжірибе емес, алайда шығындардың туындау тәуекелін арттырады.

Қор міндеттемелерді өтеу мерзімінің туындауына қарай барлық міндеттемелерді орындауға қажетті ақша қаражатының тұрақты түрде болуын қамтамасыз ету мақсатында қажетті өтімділік деңгейін ұстап отырады.

Қор өтімділікті басқару саясатын жүргізеді, ол:

- қоржындағы бағалы қағаздардың түрлері, қаржы құралдарының типі және валюта бойынша Қордың активтері мен міндеттемелерінің өтімділігін талдаудан;
- Қордағы ақша қаражатының келуін және кетуін бақылаудан;
- тәуекелдің туындауына қарай міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаражаттың болуын қамтамасыз ету мақсатында Қордың өтімділігіне байланысты тәуекелді бағалау және бақылаудан тұрады.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Төмендегі кестеде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген сомалардың (күтілетін өтеу мерзімдері бөлігіндегі) талдауы берілген:

	Талап етілгенге дейін және 1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан көп	Жиыны
Туынды емес қаржы активтері						
Ақша қаражаты және банктердегі салымдар	56,972	-	-	-	-	56,972
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	20,573,108	12,190,414	45,661,462	148,448,440	62,364,557	289,237,981
Кері «РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	34,114,329	-	-	-	-	34,114,329
Алынатын комиссиялық кіріс	1,773,079	-	-	-	-	1,773,079
Басқа қаржы активтері	34,238	-	-	-	-	34,238
Қаржы активтерінің барлығы	56,551,726	12,190,414	45,661,462	148,448,440	62,364,557	325,216,599
Туынды емес қаржылық міндеттемелер						
Жалдау бойынша міндеттемелер	49,789	-	439,843	2,027,186	506,154	3,022,972
Басқа қаржылық міндеттемелер	500,376	142,174	229,042	-	-	871,592
Қаржылық міндеттемелердің барлығы	550,165	142,174	668,885	2,027,186	506,154	3,894,564
Таза позиция	56,001,561	12,048,240	44,992,577	146,421,254	61,858,403	321,322,035

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

Төмендегі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген сомалардың (күтілетін өтеу мерзімдері бөлігінде) талдауы берілген:

	Талап етілгенге дейін және 1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан көп	Жиыны
Туынды емес қаржы активтері						
Ақша қаражаты және банктердегі салымдар	253,814	-	-	-	-	253,814
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	2,008,517	8,398,354	17,682,197	167,334,282	68,399,150	263,822,500
Кері «РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	28,737,738	-	-	-	-	28,737,738
Алынатын комиссиялық кіріс	1,643,596	-	-	-	-	1,643,596
Басқа қаржы активтері	85,262	-	-	-	-	85,262
Қаржы активтерінің барлығы	32,728,927	8,398,354	17,682,197	167,334,282	68,399,150	294,542,910
Туынды емес қаржылық міндеттемелер						
Жалдау бойынша міндеттемелер	35,290	-	406,554	1,788,104	499,847	2,729,795
Басқа қаржылық міндеттемелер	69,478	97,421	195,893	-	-	362,792
Қаржылық міндеттемелердің барлығы	104,768	97,421	602,447	1,788,104	499,847	3,092,587
Таза позиция	32,624,159	8,300,933	17,079,750	165,546,178	67,899,303	291,450,323

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық міндеттемелер қысқа мерзімді болып табылады, осылайша материалдық жағынан олардың дисконтталмаған құнынан ерекшеленбейді.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

18. Капиталды басқару

Қор болашақтағы болжамды кезеңде өз қызметін үздіксіз жүргізуді қамтамасыз ету үшін капиталды басқарады. Қордың капиталына қандай да бір сыртқы талаптар жоқ.

19. Шартты міндеттемелер

Сақтандыру

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметтерінің нарығы даму кезеңінде, сондықтан басқа елдерде қолданылатын сақтандыру қорғауының көптеген түрлері әзірге Қазақстан Республикасында болмай тұр. Қор ғимарат пен жабдықтарды, қызметінің уақытша тоқтап қалуын сақтандырудың немесе Қордың мүлкін пайдалану нәтижесінде немесе Қордың қызметіне қатысты басқа жағдайларда келтірілген мүліктік немесе экологиялық залал бөлігіндегі үшінші тұлғалардың жауапкершілігіне қатысты сақтандырудың толық көлемін жүзеге асырған жоқ. Қор өз қызметін жеткілікті деңгейде сақтандырмайынша, белгілі бір активтерді жоғалту немесе шығынға ұшырау Қордың қызметіне және қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс ықпалын тигізуі мүмкін болатын тәуекел бар.

Шартты салық міндеттемелері

Қазақстан Республикасының салық жүйесі салыстырмалы түрде жаңа жүйе және жиі өзгеретін нормативтік құжаттардың, кейде әрекетінің кері күші болуы мүмкін және салық органдары тарапынан әртүрлі түсінік берілетіндіктен, кей жағдайда қайшы тұжырымдалуы мүмкін нормативтік құжаттардың ресми түсіндірмелерінің және сот органдарының шешімдерінің болуымен сипатталады. Салықтарды дұрыс есептеу – құзыретіне елеулі айыппұлдар, тұрақсыздық айыбын салу мен пайыздарды есептеу кіретін органдар тарапынан қарау және егжей-тегжейлі тексеру мәні. Салық жылы жыл аяқталғаннан кейін келесі бес күнтізбелік жыл ішінде салық органдары тарапынан тексеру жүргізу үшін ашық болады. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда салық жылы бұдан ұзақ мерзім ішінде ашық болып қалады. Қазақстан Республикасында орын алған жуырдағы оқиғалар салық органдарының салық заңнамасын түсіну мен қолдану кезінде әлдеқайда қатаң позиция ұстанатынын көрсетіп отыр.

Аталған жағдайлар Қазақстан Республикасында басқа елдердегі осындай тәуекелдерден әлдеқайда асып түсетін салық тәуекелін тудырады. Басшылықтың пікірі бойынша салық міндеттемелері осы қаржылық есептілікте Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасын, нормативтік құжаттардың ресми түсіндірмелері мен сот органдарының шешімдерін басшылықтың түсінуіне орай толықтай көрсетілген. Алайда, салық заңнамасын әртүрлі реттеуші органдардың түсінуі Басшылықтың пікірінен ерекшеленуі мүмкін екенін ескерсек, реттеуші органдар тарапынан мәжбүрлі шара қолданылған жағдайда, олар Қордың қаржылық жағдайына елеулі әсер етуі мүмкін. Салық органдары тарапынан соңғы салықтық тексеру 2009 - 2013 жылдар аралығын қамтыды және 2016 жылы аяқталды.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Операциялық орта

Қазақстан Республикасын қоса алғанда, дамушы елдердің нарықтары дамыған нарықтардың тәуекелдерінен басқаша экономикалық, саяси, әлеуметтік, сот және заңнамалық тәуекелдерге бейім. Қазақстан Республикасында бизнес жүргізуді реттейтін заңдар мен нормативтік актілер тез өзгеруі мүмкін, оларды еркін түсіну мүмкіндігі бар. Қазақстан Республикасының болашақ даму бағыты көп жағдайда мемлекеттің салық және кредиттік-ақша саясатына, қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге, сондай-ақ елдегі саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты.

Қазақстан Республикасы мұнай мен газдың үлкен көлемін өндіріп, экспортқа шығаратындығына байланысты Қазақстан экономикасы мұнай мен газдың әлемдік бағасының өзгеруіне ерекше сезімтал. Әлемдегі геосаяси жағдай мұнай мен газдың әлемдік бағасына қысым жасауды жалғастыруда. Сондай-ақ экономиканың жай-күйіне ірі инфрақұрылымдық жобаларға және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының түрлі бағдарламаларына мемлекеттік шығыстар айтарлықтай әсер етеді.

2025 жылы Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы әскери-саяси қақтығыс салдарынан геосаяси шиеленіс жоғары күйінде қалып отыр. Нәтижесінде Ресей мен Беларуське қарсы экономикалық санкциялар кеңейтіліп, күшейтілді; оған жаңа инвестицияларды тыйым салу және ірі қаржы институттары мен көптеген мемлекеттік кәсіпорындармен ынтымақтастықты шектеу шаралары кіреді.

2025 жылы Brent маркалы мұнайға орташа баға баррель үшін 69 АҚШ долларын (2024 жыл.: баррель үшін 81 АҚШ доллары) құрады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша алдын ала бағалауға сай Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өнімінің («ЖІӨ») өсімі жылдық мәнде 6.5% құрады (2024 жыл: ЖІӨ өсуі 5%). 2025 жылы елдегі инфляция жылдық есепте 12.3% дейін өсті (2024 жыл: 8.6%). 2025 жылдың ішінде ҚРҰБ базалық мөлшерлемені +/- 1.0 п.т. дәлізімен 15.25%-дан 18%-ға дейін көтерді. ҚР ҰБ теңгенің айырбас бағамы кезінде инфляциялық таргеттеу режимінде ақша-кредит саясатын ұстанады. Теңгенің АҚШ долларына ресми айырбастау бағамы 2025 жылғы 1 қаңтарда АҚШ доллары үшін 525.11 теңгеден 2025 жылғы 31 желтоқсандаа 502.57 теңгеге дейін өзгерді. Геосаяси тәуекелдердің болашақтағы өзгеруіне және олардың Қазақстан Республикасы экономикасына ықпалына қатысты белгісіздік сақталады.

Қор басшылығы экономикалық, саяси және геосаяси жағдайдың ағымдағы өзгерістерін бақылайды және жуық арада Қор дамуы мен тұрақтылығын қолдауға қажетті шараларды қабылдайды. Болған оқиғалардың салдары және оларға байланысты болашақ өзгерістер Қордың қызметіне елеулі әсер етуі мүмкін.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

20. Байланысты тараптармен операциялар

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың түпкілікті бақылаушы тарабы Қордың 100% акцияларын басқаратын Қазақстан Республикасы Үкіметі болып табылады (1-ескерту).

Қордың Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелерімен жасалатын операциялар

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардағы «Қызметкерлерге жұмсалатын шығыстар» бабына қосылған сыйақылардың жалпы мөлшері былайша берілді:

	2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Қызметкерлерге сыйақы	258,505	242,658
Қызметкерлерге сыйақы жиыны	258,505	242,658

Көрсетілген сомаларға Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасының мүшелеріне ақшалай және ақшалай емес сыйақылар да қосылады.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Басқа байланысты тараптармен жасалатын операциялар

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдаймен есептесулер бойынша қалдықтар, сондай-ақ 2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде байланысты тараптармен операциялар бойынша тиісті пайда немесе шығын төмендегідей болды:

	ҚРҰБ	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	Схема	Басқа байланысты тараптар*	Жиыны	Қаржылық есептілік баптарына сәйкес жиыны
Қаржылық жағдай туралы есеп						
Активтер						
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	-	266,176,698	-	10,383,033	276,559,731	289,237,981
Кері «РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	-	32,285,267	-	1,829,062	34,114,329	34,114,329
Алынатын комиссиялық кірістер	-	-	1,773,079	-	1,773,079	1,773,079
Ағымдағы салық активі	-	123,292	-	-	123,292	123,292
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	-	-	-	505,509	505,509	2,856,808
Басқа активтер	10,686	-	-	6,324	17,010	617,929
Міндеттемелер						
Жалдау бойынша міндеттемелер	-	-	-	531,415	531,415	3,022,972
Басқа міндеттемелер	2,854	1,460	-	846,668	850,982	3,467,070
Капитал	-	7,114,244	-	-	7,114,244	7,114,244
Пайда немесе шығындар және өзге жиынтық кіріс туралы есеп						
Комиссиялық кірістер	-	-	21,115,913	-	21,115,913	21,115,913
Комиссиялық шығыстар	(37,450)	-	-	(1,147,718)	(1,185,168)	(1,196,472)
Таза пайыздық кіріс	20,483	30,193,323	-	2,295,078	32,509,884	33,581,414
Басқа операциялық кірістер/(шығыстар), нетто	16	842	-	42,405	43,263	610,823
Жалпы әкімшілік шығыстар	(37,449)	(14,059)	-	(4,210,745)	(4,262,253)	(5,039,008)
Табыс салығы бойынша шығыс	-	(3,734,392)	-	-	(3,734,392)	(3,734,392)

* Өзге де байланысты тараптар негізінен Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігіндегі немесе бақылауындағы компаниялардан тұрады.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдаймен есептесулер бойынша қалдықтар, сондай-ақ 2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде байланысқан тараптармен операциялар бойынша тиісті пайда немесе шығын төмендегідей болды:

	ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	Схема	Басқа байланысты тараптар*	Жиыны	Қаржылық есептілік баптарына сәйкес жиыны
Қаржылық жағдай туралы есеп						
Активтер						
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	-	246,787,835	-	15,471,325	262,259,160	263,822,500
Кері «РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	-	8,883,068	-	19,854,670	28,737,738	28,737,738
Алынатын комиссиялық кірістер	-	-	1,643,596	-	1,643,596	1,643,596
Ағымдағы салық активі	-	141,596	-	-	141,596	141,596
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	-	-	-	512,997	512,997	2,651,904
Басқа активтер	-	-	-	16,779	16,779	587,982
Міндеттемелер						
Жалдау бойынша міндеттемелер	-	-	-	522,753	522,753	2,729,795
Басқа міндеттемелер	3,000	-	-	565,331	568,331	2,341,148
Капитал	-	7,114,244	-	-	7,114,244	7,114,244
Пайда немесе шығындар және өзге жиынтық кіріс						
Комиссиялық кірістер	-	-	18,621,786	-	18,621,786	18,621,786
Комиссиялық шығыстар	(34,845)	-	-	(785,286)	(820,131)	(1,117,082)
Таза пайыздық кіріс	224,338	22,316,880	-	1,526,632	24,067,850	28,996,247
Басқа операциялық кірістер/(шығыстар), нетто	2,851	-	-	1,044	3,895	266,526
Жалпы әкімшілік шығыстар	(1,035)	(4,710)	-	(627,290)	(633,035)	(4,706,880)
Табыс салығы бойынша шығыс	-	(1,444,764)	-	-	(1,444,764)	(1,444,764)

* Өзге де байланысты тараптар негізінен Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігіндегі немесе бақылауындағы компаниялардан тұрады.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

21. Әділ құны

ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес әділ құн активті сату кезінде алған немесе бағалау күні нарықтың қатысушылары арасындағы әдеттегі мәміле аясында міндеттемелерді беру кезінде төленген баға ескеріле отырып белгіленеді.

Тұрақты түрде әділ құн бойынша ескерілетін активтер мен міндеттемелердің әділ құны

Қордың кейбір қаржылық емес активтері мен міндеттемелері әділ құны бойынша әр есепті кезеңнің аяғына ескеріледі. Төмендегі кестеде аталған активтер мен міндеттемелердің әділ құны қалай анықталатындығына қатысты ақпарат келтірілген.

Активтер	Әділ құны		Әділ құнның иерархиясы	Бағалау әдістемесі және негізгі бастапқы деректер
	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан		
Жер (13-ескерту)	251,188	251,188	3-деңгей	Қор басшылығының бағалауы бойынша 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жер мен ғимараттардың баланстық құны шамамен әділ құнға тең, осыған байланысты есепті күнге тәуелсіз бағалау жүргізілген жоқ. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жерді және ғимараттарды бағалауды тәуелсіз бағалаушы салыстырмалы талдау әдісімен жүргізді.
Ғимарат (13-ескерту)	6,622,414	6,815,918	3-деңгей	
Инвестициялық жылжымайтын мүлік (14-ескерту)	3,855,572	3,721,053	3-деңгей	Инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құнын бағалауды салыстырмалы талдау тәсілін пайдалану арқылы тәуелсіз бағалаушылар жүргізді.

«Бірыңғай Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші

Қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

(Қазақстандық мың теңгемен)

Тұрақты түрде әділ құн бойынша ескерілмейтін қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің әділ құны (алайда әділ құнын міндетті түрде ашу керек)

Келесі кестеде келтірілген деректерді қоспағанда, Қор Басшылығы қаржылық есептілікте көрсетілген басқа қаржы активтері мен міндеттемелерінің баланстық құны олардың әділ құнына тең деп есептейді.

2025 жылғы 31 желтоқсан					Баланстық құны
	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Әділ құны	
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	240,586,483	16,664,686	-	257,251,169	289,237,981

2024 жылғы 31 желтоқсан					Баланстық құны
	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Әділ құны	
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері	229,128,797	16,944,623	-	246,073,421	263,822,500

Жоғарыда көрсетілген санаттарға енгізілген қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің әділ құны нарықтағы белгіленген бағалар негізінде жалпы қабылданған бағалау үлгілеріне сәйкес анықталған болатын.

22. Есепті кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар

Есепті күннен кейін қаржылық есептілікте ашылуы тиіс оқиғалар болған жоқ.